



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ:

Президент бастамаларын Үкімет қалай жүзеге асыруда?

3

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №30 (6592) 8 сәуір, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

«Орталық Азия – Еуропа Одағы»:

САМАРҚАНД САММИТИ

Орталық Азияға кең мүмкіндік ашпақ



3-4 сәуірде Өзбекстанда «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммиті өтті. Халықаралық саяси жиын тарихи қала Самарқандта ұйымдастырылды. Негізгі отырыс 4 сәуірде өтіп, «Келешекке инвестициялар» деп аталды. Саммитке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Кошта, Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйен, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо қатысып, сөз сөйледі. Бұдан бөлек, «Жаһандық климат сын-қатерлері кезеңіндегі Орталық Азия» халықаралық конференциясы өтті.

2

ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ

КӨЛ КӨРКЕЙСЕ, КӨҢІЛ ӨСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Сайран көлін абаттандыру барысымен танысты

Шаһар басшысы қаладағы алматылықтардың ең танымал және сүйікті жерлерінің бірі әрі кешенді абаттандыру жұмыстары аяқталып қалған Сайран көлінің аумағын аралап көрді.

Жағажай аймағы, жаяу жүргіншілер маршруттары және белсенді демалыс аймақтары бар заманауи жағалауды құру жобасы ауданы 47,6 га учаскеде іске асырылуда.

Бүгінгі таңда жағалау сызығын нығайту, инженерлік желілерді салу және бөгет салуды қоса алғанда, негізгі құрылыс жұмыстары 80%-ға аяқталды. Қазір жабынды төсеу, шағын сәулет пішіндерін орнату және аумақты көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Жұмыс сапары барысында әкім тротуар бөлігін абаттандыру бойынша ескертулер берді: плиткарды төсеу жобалық белгілер мен құрылыс стандарттары бойынша тегіс және жайлы әрі қауіпсіз жасалып, қалалық ортаның талаптарына сай орындалуы тиіс екені жөнінде ескертті. Сондай-ақ, іргелес аумақтағы ағаштарға кәсіби орман-патологиялық зерттеу жүргізу және абаттандырудың бірыңғай ландшафттық тұжырымдамасы аясында жаңа көшеттер отырғызуды қамтамасыз ету тапсырылды.

Жол берілген бұзушылықтарға байланысты Ерболат Досаев техникалық қадағалауды жүзеге асыратын «Premier Expert» ЖШС компаниясымен шартты бұзуды тапсырды. Мердігер ұйымдарға жұмыстардың орындалу мерзімдері мен сапасына бақылауды күшейту қатаң көрсетілді. Жауапты ведомстволарға барлық жұмыстардың аяқтау мерзімі – 2025 жылдың мамыр айының соңына дейін белгіленді. Жоба мерзімдер мен жоғары сапа стандарттары қатаң сақталған жағдайда ғана қабылданады. Сондай-ақ, Алматы қаласының Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасына ескертулер мен нақты тапсырмалар берілді. Жобаның іске асырылу барысын бақылау әкімнің жеке бақылауында болады.

Еске салсақ, Сайран су қоймасын реконструкциялау 2024 жылдың ақпан айында басталған болатын. Жұмыс аяқталғаннан кейін алматылықтар қала орталығында бірегей рекреациялық кеңістік алады. Жоба бойынша алаңда орындықтар, лотос бар су қоймасының жанындағы перголалар, фудкорттар, скейтпарк, футбол алаңы, паркур алаңдары, роллер, велопарк, балалар қалашығы, иттерді серуендетуге арналған аймақ, қоғамдық дәретханалар және тәулік бойғы бейнебақылау жүйесі пайда болады. Екі полиция мен екі құтқару бекеті салынады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

8.04.2025

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

9.04.2025

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

10.04.2025

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

«Орталық Азия – Еуропа Одағы»:

САМАРҚАНД САММИТИ

Орталық Азияға кең мүмкіндік ашпақ



(Басы 1-бетте)

БИЫЛҒЫ ЖИЫН НЕСІМЕН ЕРЕКШЕ?

2025 жылы Өзбекстанда өткен «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммиті осы форматта бұған дейін өткен ресми жиын-дардан ерекшеленеді. Мұны Еуропа Одағы тарапынан келген қонақтардың лауазымдарынан-ақ байқауға болады. Бұған дейін екі аймақтың жоғарғы басшылары деңгейінде екі кездесу өткен. Біріншісі 2022 жылы қазан айында Қазақстанда, ал екіншісі 2023 жылы маусымда Қырғызстанда өтті. Сондай-ақ, жыл сайын сыртқы істер басшылары кездесіп тұрды.

Екі жақты байланыстың құқықтық негізі 2007 жылы қалыптасты. Сол жылы стратегия қабылданды. Кейін бұл құжат 2019 жылы жаңарды. Бұл стратегия әлі күнге дейін әрекет етуде.

Биылғы саммит несімен ерекше:

- Екі саммитке де Еуропалық Кеңес Президенттері қатысқан. Ал бұл жолы ол ғана емес, Еуропалық комиссия Президенті де қатысты. Яғни келген делегация саяси салмақты. Бұл ЕО-ның аймағымызға аса мән беретінін көрсетеді;
- Антониу Кошта мен Урсула фон дер Ляйен өз лауазымдарына былтыр ғана кіріскен. Яғни содан бергі аймаққа алғашқы сапары;
- Сыртқы, әлемдік саясат факторының әсері күшеюде. АҚШ-та Дональд Трамптың билікке келуі Брюссельді сыртқы саясатта батыл қадамдар жасауға түрткілеуде;
- АҚШ пен Қытай арасындағы технологиялық бәсекелестік Еуропа Одағының өзге аймақтармен қарым-қатынасын күшейте түсуіне түрткі болуда.

ЕКІЖАҚТЫ КЕЗДЕСУЛЕР

3 сәуірде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммиті мен «Жаһандық климат сын-қатерлері кезеңіндегі Орталық Азия» халықаралық конференциясына қатысу үшін Самарқанд қаласына келді. Мемлекет басшысын әуежайда Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов қарсы алды.

Сапардың алғашқы күні мемлекет басшысы бірқатар маңызды екіжақты кездесулер өткізді. Алдымен саммитке қатысу үшін арнайы келген Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Коштамен кездесті. Кездесуде экономикалық байланыс мәселелері талқыланды. Себебі, ЕО Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі әрі шетелдік инвесторы. Шетелден елімізге тартылған инвестицияның 40%-дан астамы осы аймаққа тиесілі. Қала берді, 2024 жылғы ресми мәліметке сүйенсек, Қазақстан мен Еуропалық Одаққа мүше елдер арасындағы тауар айналымы 50 млрд долларға жуықтаған. Тауар айналымы бойынша Орталық Азия бойынша Қазақстан көш бастап тұрғанын атап өткен жөн. Еуроодақпен сауданың 80%-ы бізбен жасалады.

Саммит аясында Мемлекет басшысы Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйенмен де кездесті. Кездесуде мынадай мәселелер талқыланды:

- экономиканың түрлі секторындағы цифрландыру және инновация бойынша әріптестік;
- Қазақстан мен Еуропалық комиссия арасында виза беру тәртібін жеңілдету жөніндегі келісімге келу үдерісі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында цифрландыру мен ЖИ саласының дамуын жеке өзі бақылауда ұстайтынын мәлімдеген болатын. Қазір әлемде аймақтану үдерісі жүргенімен, интеграциялық мәселеге келгенде Қазақстан белсенді жұмыс істеуде. Урсула фон дер Ляйенмен кездесуде цифрландыру мәселесінің талқылануы Президенттің бұл бағытта оқшауланып емес, бірлесіп жұмыс істеуге бейім екенін көрсетеді. Жасанды интеллектіні дамыту мәселесінде Қазақстанның ұстанымы Еуропа Одағына ұқсас екені де жасырын емес. Біз Брюссель секілді ең алдымен қауіпсіздікке мән береміз.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы екі жақты қарым-қатынастың мынадай төрт басым бағытын атап өтті: энергетика; инфрақұрылым және өнеркәсіп жобалары; көлік-логистика желілерін кеңейту; цифрлық инновация, озық технологиялар мен жасанды интеллект.

Ал Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйен ЕО-ның басым бағыттары ретінде көлік-логистика саласындағы, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік дәлізі секілді жобаларды іске асырудың маңызына тоқталды. Еуропа Одағы үшін мұнай мен газ экономикалық өсімі үшін қажет басты ресурс болып қала береді. Сондықтан Каспий құбыр консорциумы арқылы тасымалдауға балама логистиканың болуына мүдделі. Бұл әсіресе, Еуразиядағы геосаяси жағдай шиеленіскен тұста анық байқалды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстанда сирек кездесетін металдардың ірі кен орнының табылуымен құттықтады. Жасанды интеллектінің дамуы мен цифрландыру көп энергия мен пайдалы қазбаларды талап етеді. Сондықтан қазір сирек кездесетін металдарға сұраныс артуда. АҚШ Президенті Дональд Трамптың Украина Президенті Владимир Зе-

ленскиймен келіссөзінде де осы сирек металдар жайлы сөз болғаны белгілі. Елімізде олардың анықталған қорлары аз. Дегенмен, барлау жүйесін жолға қою арқылы әлемге экспорттауға мүмкіндік бар.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассомен кездесті. Аталмыш банк елімізге инвестиция құюшы негізгі қаржы ұйымдарының бірі. Мысалы, 2024 жылы құны 935 млн доллар болатын 25 жобаны қаржыландыру туралы келісімге келген. Бұдан бөлек, Одиль Рено-Бассо Қасым-Жомарт Тоқаевқа «жасыл экономика» бағдарламаларын жүзеге асыру барысы туралы мәлімдеді. Бұл бастамаға ЕҚДБ 2 миллиард еуро инвестиция құюды жоспарлап отыр.

Мемлекет басшысының жұмыс күні Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесумен аяқталды. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммитіне ерекше мән беретінін жеткізіп, аталған жиын аймақ елдерінің Еуропа Одағымен диалогын ілгерілетуге ықпал ететініне сенім білдірді. Бұған дейін Президенттер Алматыда бейресми кездескен еді. Болжағанымыздай, сол кездесуде Өзбекстанда өткен саммит талқыланды. Себебі аймақтың тұтастығы мен дамуына «қазақ-өзбек тандемі» тікелей әсер етеді.

ЭКСПОРТҚА БАҒДАРЛАНУ МЕН ЭНЕРГЕТИКА ТАСЫМАЛЫ

4 сәуірде негізгі саммит отырысы өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзін талдап, мынадай қорытынды жасауға болады:

Біріншіден, Қазақстан ЕО-пен қарым-қатынаста импорттан гөрі экспортқа мән бермек. Әсіресе, энергетикалық және өзге де пайдалы қазбалар экспорты басымдыққа ие.

Екіншіден, мұнай тасымалында Каспий құбыр консорциумы негізгі бағдар болып қала береді. Алайда, баламалы логистиканы да қатар дамыта бермек.

- Қорыта келе еліміз сыртқы саясатта қай бағыт болмасын, ұлттық мүддені ескеріп, шешім қабылдайтынын байқаймыз. Мұны саммиттегі Президент мәлімдемелерінен анық зерделеуге болады.

✓ КЕРЕК ДЕРЕК

- ✓ Қазақстан ЕО нарығына жалпы құны 2 миллиард доллардан асатын 175 тауар түрінің экспортын ұлғайтуға дайын;
- ✓ Еуропа Одағы шетелден импорттайтын мұнайдың 13 пайызға жуығы біздің елімізге тиесілі. Оның басым бөлігі Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы тасымалданады;
- ✓ Еуропа Одағы аталған консорциумның тұрақты әрі ұзақ мерзімді жұмыс істеуіне қолдау білдіріп отыр. Қазақстан мұны жоғары бағалайды және шикізат тасымалдаудың балама жолдарын да дамытады.
- ✓ Total, Eni, Svevind секілді бұрыннан келе жатқан серіктестерімізбен және басқа да еуропалық компаниялармен жаңартылатын энергия көздері және «жасыл» сутегі өндірісі жобалары қолға алынды;
- ✓ Қазақстан Өзбекстан және Әзербайжанмен бірлесіп, «жасыл» энергияны Каспий теңізі арқылы Еуропа нарығына жеткізетін электр желісін салу бойынша ірі жобаны бастады;
- ✓ Қазақстанда Еуропа Одағы экономикасына қажетті 34 шикізаттың 19 түрі өндіріледі. Оның қатарында уран, титан, мыс, литий, кобальт, вольфрам және басқа да көптеген элементтер бар;
- ✓ Еліміз ЕҚДБ банкімен арадағы келісім бойынша геологиялық барлау саласында бірлескен жобаларды іске асырып, кен игерудің озық тәжірибесін енгізіп жатыр;
- ✓ Былтыр Транскаспий халықаралық көлік дәлізімен контейнер арқылы тасымалданған жүк көлемі 62 пайызға артып, 4,5 миллион тоннаны құраған. Мақсат – 2027 жылға қарай бұл көрсеткішті 10 миллион тоннаға дейін жеткізу;
- ✓ Қазақстан әлемдегі ядролық отынның 40 пайызға жуығын қамтамасыз ету арқылы таза энергия өндірісінде маңызды рөл атқарады.

(Дереккөз: akorda.kz).

МЕДИАХОЛДИНГ

БАУЫРЛАС
ЕЛМЕН
БАЙЛАНЫС

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**«Alatau Aqparat»
медиахолдингінің
Бас директоры
Ержан Қалымбайұлы мен
Қырғыз Республикасының
Алматы қаласындағы
бас консулы
Женишбек Асанкулов
әріптестік орнату
мәселесін талқылады.**

Медиахолдингке арнайы келген бауырлас елдің Алматы қаласындағы бас консулы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қырғыз Республикасының басшысы Садыр Жапаровтың қос мемлекет арасындағы ынтымақтастықты арттыруға баса мән беріп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар, Женишбек Асанкулов Алматы қаласымен, сондай-ақ еліміздің Жетісу, Алматы, Жамбыл, Түркістан және Оңтүстік Қазақстан облыстарымен түрлі салада байланысты арттыру жұмыстарын күшейту көзделгеніне тоқталды. Осы ретте Алматы қаласындағы ең ірі медиахолдингпен де байланыс орнатып, қырғызстандық бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе жұмыс істеу бағдарларын қалыптастыруды көздейтінін жеткізді.

Өз кезегінде «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы бауырлас елдердің ақпарат саласындағы ынтымақтастығының артуы ауадай қажет екеніне тоқталып, алдағы уақытта Қырғызстанның бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе жұмыс істеуге әзір екенін білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



14 наурызда Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда қызу талқыланған мәселелерге қатысты пікір айтты. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық, салық саясаты, идеологиялық салалар бойынша бірқатар бастама көтерді. Олардың басым бөлігін Үкімет жүзеге асырады. Сондықтан мақалада маңызды жиыннан кейін қолға алынған жұмыстарға көз жүгіртеміз.

Бастамаларды орындау жоспары қабылданды

1 сәуірде Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Telegram арнасында Президенттің Ұлттық құрылтайдың IV отырысында көтерген бастамаларын орындау жоспары қабылданғанын хабарлады. 53 тармақтан тұратын құжатты Президент Әкімшілігі Үкіметпен бірлесе дайындаған. Онда келесі бастамалар қамтылған:

- «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасын әзірлеу;
- Ішкі саясат тұжырымдамасын әзірлеу және бекіту;
- Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2026–2028 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспарын қабылдау;
- Ұлттық цифрлық архив құру;
- Бизнес өкілдерін тарта отырып, аймақтарда театрлар салу және дамыту, сондай-ақ ұлттық театрларға қолдау көрсету;
- Шетелде Абай институтын ашу;
- Халықаралық биологиялық әралуандықты қорғау қорын құру;
- «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруды жалғастыру, үш жылда 1300 мектепті жаңғырту;
- Ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтарын ашу, әрбір облыс орталығында ерекше қажеттілігі

бар балаларды оңалту және дамыту орталықтарын құру;

● Өңірлерді дамыту тұжырымдамасына қатысты тың тәсілдерді енгізу;

● 2025-2026 жылдары ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, соның ішінде Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолын салу және жаңғырту, Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру және жаңа аэровокзал кешенін салу;

● Алдағы төрт жыл ішінде елімізде жыл сайын 200-ге жуық инвестициялық жобаны іске қосу.

Үкімет жұмысты белсенді бастады

Парламент Президент бастамаларын заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетсе, Үкімет атқарушы орган ретінде оны орындаумен айналысады. Біз «14 наурыздан бері Үкімет не атқарды?» деген сұраққа жауап беру үшін оның ресми ақпараттық ресурстарын шолып шықтық.

Ең алдымен, Премьер-министр Олжас Бектенов Президенттің билікке келгеніне 6 жыл толуына орай арнайы мақала жазды. Мақала 17 наурызда Премьер-министрдің ресми сайтында жарияланды. Онда еліміздің соңғы алты жылдағы әлеуметтік-экономикалық жетістіктері атап өтілген. Соның ішінде 2024 жылы ЖІӨ 288 млрд, ал жан басына шаққанда 14 мың АҚШ доллары болғаны айтылады. Бұл шынында да жетістік.

Әрине, мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Себебі, еліміз «орташа өсім торынан»

шығуы тиіс. Президент өз Жолдауларында, Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында, Ұлттық құрылтай жиындарында осы бағытта бастамалар көтеріп келеді.

Қысқа уақыттың ішінде Үкімет басшылығы мен мүшелері Ұлттық құрылтайдың соңғы отырысындағы бастамаларды жүзеге асыру үшін бірнеше жиын өткізді. Атап өтер болсақ, Олжас Бектеновтің басшылығымен:

● 17 наурызда Үкімет отырысы өтті. Онда Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин, экс-энергетика министрі Алмасам Сатқалиев, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев секілді Үкімет мүшелері баяндама жасады. Баяндама жасаған министрлердің құрамынан-ақ маңызды қорытынды жасауға болады. Ұлттық құрылтайдағы бастамаларды жүзеге асыруға басты жауапты Серік Жұманғарин екенін байқаймыз;

● 27 наурызда Премьер-министр Павлодар облысына жұмыс сапарымен барды. Онда өнеркәсіпті дамыту бойынша мәселелер қаралды. Президент құрылтайда бұған аса мән берген;

● 1 сәуірде өткен Үкімет отырысында мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту мен цифрландыру мәселесі қаралды. Жиында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, ХҚКО жұмысы және халыққа қызмет көрсету тәртібі туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев,

«Электронды үкіметте» әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру барысы туралы BTS Digital бас директоры Нұртай Әбілғалиев, банк жүйелерінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы – Kaspi.kz басқарма төрағасы Михаил Ломтадзе мен Freedom Holding Corp. бас атқарушы директоры Тимур Турлов баяндама жасады. Президент цифрландыру мен ЖИ саласын дамыту мәселелерін жеке өзі бақылауда ұстайтынын мәлімдеген болатын. Сондықтан цифрландыру саласын талқылауға Үкімет мүшелері ғана емес, жеке сектор өкілдері де қатысқан;

● 7 сәуірде Олжас Бектенов отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесу өткізген. Онда агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері, көктемгі дала жұмыстарының барысы, шаруаларды қолдау шаралары, сондай-ақ қосымша пысықтауды қажет ететін өзара іс-қимыл бағыттары талқыланған. Мемлекет басшысы Жолдауларында және биылғы құрылтай отырысында ауыл шаруашылығына мән берді. 2024 жылы қабылданған экономиканы либерализациялау құжатында да АШК негізгі өсім драйверлерінің бірі ретінде көрсетілген.

Осы және өзге де жиындарды талдай келе мынадай қорытынды жасауға болады: жалпы билік цифрландыруға және диалогқа басымдық беруде. Диалог көбіне салалық мандармен жасалуда.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



Сын-қатерлер дәуірі:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛОГИСТИКА

Әлем елдері аймағымыз туралы не ойлайды?

Соңғы жылдары Қазақстанды қамтыған Орталық Азияда көптеген өзгерістер болды. Әсіресе, үлкен ойыншылардың аймаққа деген қызығушылығы артты. Бұл біртұтас геосаяси аймақтың стратегиялық маңызының арта түсуімен тікелей байланысты. Әсіресе, логистикалық жүйеде аймақтың маңызы барған сайын айқын көрініп келеді. Тіпті, сарапшылар аймақтың әлемдік логистикалық жүйедегі орны дипломатияда ғана емес, үлкен геосаясатта да өзінің үлкен салмағын көрсете түсті деп санайды. Алпауыттардың назары бізді қамтыған аймаққа ауған тұста, бізге өзіміздің артықшылықтарымызды, оған қоса өзгелердің мүддесін сарапқа салып отыруға тура келеді. Өткен аптаның соңында әл-Фараби университетінің Халықаралық қатынастар факультетінде өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияның басты мақсаты да сол еді.

«Әлемдік жүйедегі Орталық Азияның көлік дәліздері»

Конференция сын-қатерлер дәуіріндегі халықаралық логистика мәселесін кеңінен талдады. Ғылыми жиынға саланың отандық зерттеуші-мамандарымен бірге Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей сынды көршілес елдерден де ғалымдар қатысты. Олар әлемдік сауда жүйесінен тартып, аймақтағы логистика және энергетика тасымалы тақырыптарына дейін ішкерілей талқылады.

Жиынның көтерген тақырыбы қазіргі және жақын болашақтағы, тіпті аймақтың ұзақ мерзімдік болашағы тұрғысынан да аса маңызды екені көзіқарақты жұртқа мәлім. Факультеттегі Халықаралық ғылымды дамыту орталығы мен «Аймақтық қатынастарды талдау» ғылыми-сараптама орталығы ұйымдастырған ғылыми-тәжірибелік конференция тақырыбының да өзінше терең мағынасы бар. Яғни конференцияның негізгі атауы «Логистика геосаясаты: Әлемдік жүйедегі Орталық Азияның көлік дәліздері» деп аталды. Бұның өзі де қазіргі сын-қатерлер кезеңінде логистиканың маңызы артып, геосаясатқа айналып бара жатқанын көрсетіп тұрса керек.

Әрине, ғылыми отырыс аймақтағы көлік-логистикалық бағыттарды дамыту, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету,



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Думан ЖЕКЕНОВ,
PhD, әл-Фараби университетінің
қауымдастырылған профессоры:

ӘР ТАРАПТЫҢ ПІКІРІН БІЛУ АСА МАҢЫЗДЫ

Бұл конференцияның маңызы өте жоғары деп ойлаймыз. Ондағы «Логистика геосаясаты» деген тақырыптың да өзіндік маңызы бар. Себебі, логистика қазір тек қана дипломатия емес, кәдімгі геосаясатқа айналып бара жатыр. Орталық Азияның өзіндік болашағында қиыншылықтар жоқ емес, бір қарасақ біз үлкен ойыншылардың ортасында қалып қойдық. Мұндайда таңдау жасау да қиын. Осы тұрғыдан алғанда, аймақ өзінің бір артықшылығы ретінде логистиканы пайдалана отырып, күштер теңгерімін қалыптастыруы керек деп санаймыз. Сондықтан осы логистика геосаясатын дұрыстап талқылап, әрбір қатысушылардың ойын танып-білгіміз келеді. Біздің әріптестеріміздің, көршілеріміздің бұл жағындағы ойы мен пікірі өзіміздің ғылыми ортаға аса маңызды.

сондай-ақ, қазіргі заманғы сын-қатерлер мен өңірлік ынтымақтастық перспективаларын талдау тақырыптарында көпжақты пікір алмасуды да мақсат етіп қойған болатын.

Қазақстанның стратегиялық қадамдары

Аймақтың логистикалық жүйедегі орны, геостратегиялық маңызы барған сайын жоғарылай бермек. Себебі, энергетика мәселесі бұдан кейін де өзінің өзектілігін сақтап қалары анық. Онымен қоса, Орталық Азияға деген қызығушылық тек Батыс елдері жағынан ғана артып жатқан жоқ. Шығыс және Оңтүстік бағытта Азия елдері де өзінің жаһандық логистикалық жүйеге деген ұмтылысын біздің аймақпен байланыстырып отыр. Соның ішінде халық саны көп Оңтүстік Азия елдері (Үндістан мен Пәкістан сынды) мен Оңтүстік Шығыс Азия елдері де бар.

Бұндай көзқарасты аталған жиын барысында Қазақстан–неміс университетінің Халықаралық және аймақтық ынтымақтастық зерттеу институтының директоры Болат Сұлтанов та сенімді дәлелдерімен көрсетті. Отандық зерттеуші-ғалым «Жаһандық белгісіздік жағдайындағы Қазақстанның логистикалық стратегиясы» деген баяндамасында еліміздің осы бағыттағы жүзеге асырған стратегиялық қадамдары және жоспарлары туралы кеңінен тоқталды.

«Біз жобалар туралы айтқанда, ең алдымен еліміздің Орталық Азия аймағының экономикалық мүмкіндіктерін пайдалануы қажеттігін ескеруге тиіспіз. 2025–2029 жылдар аралығында Қазақстан жыл сайын 200 инвестициялық жобаны іске қосуды жоспарлап отыр. Осылайша еліміздің транзиттік-көліктік әлеуеті нығая түсетін болады. Біз көлік бағыттарына үлкен мән беріп отырмыз. Көлік инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2019 жылдан 2024 жылға дейін транзиттік тасымал көлемі 6 есе, ал қазақстандық өнім экспорты 12 есе артты», – деді өз баяндамасында Болат Сұлтанов.



Естай БОЖАН,
сарапшы.



НАҚТЫ СЕКТОР

ЖЫЛУ БЕРУ

10 сәуірден бастап кезең-кезеңмен
өшіріле бастайды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жылыту маусымын аяқтау және 2025-2026 жылдардағы келесі жылыту маусымына дайындық мәселесі бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Қазіргі жағдай туралы Энергетика және су шаруашылығы басқармасының, «Алматы жылу желілері», «Алматыжылукоммунэнерго», «Алматы электр станциялары», «Алатау Жарық Компаниясы», «Алматы Су», Алматы филиалы «QazaqGaz Aimaq» өкілдері баяндады. Ұйымдардың мәліметінше, 2024-2025 жылдардағы жылу маусымы штаттық режимде өтіп жатыр. Барлығы 404 білім беру, 128 денсаулық сақтау және 8863 тұрғын үй орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілген.

Жылыту маусымын дайындау және өткізу ережесіне сәйкес, Алматыда сыртқы ауа температурасының орташа тәуліктік +8° және одан жоғары болғаны, гидрометеорологиялық қызмет тарапынан бес күн бойы тіркелгені негізінде 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымын аяқтау туралы шешім қабылданды.

Жылу беру 10 сәуірден бастап кезең-кезеңімен өшіріле бастайды, алдымен әкімшілік ғимараттар, білім беру мекемелері, мәдени нысандар және басқалары, кейін тұрғын үйлер (тұрғын үй ғимараттары, жатақханалар, қонақүйлер) және әлеуметтік нысандар (балабақшалар, емдеу мекемелері, мектептер, кәсіби мектептер, медициналық-әлеуметтік мекемелер).

Кеңес барысында биыл ұзындығы 39 км жылу желілерін реконструкциялау бойынша ауқымды жұмыстар жоспарланғаны атап өтілді.

Айта кету керек, 2024 жылы қалада 20 км жылу жүйесі жаңартылды, 85 қазандықта жөндеу жұмыстары жүргізілді, бұл жылу беру тиімділігін айтарлықтай арттырып, жылыту маусымын жоспарға сәйкес аяқтауға мүмкіндік берді.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

БІЛІМ

Наурызбай ауданында
120 орынға арналған
Студенттер үйі ашылды.

Кенжетаев көшесінің бойында жеке инвестор есебінен салынған жаңа жатақхана ашылды. Онда 120 студент емін-еркін өмір сүре алады. Нысан ішінде бірнеше асхана, қажетті техникамен жабдықталған кір жуатын бөлме, оқу мен дайындыққа арналған зал және көлік қоюға арналған паркинг те қарастырылған. Жаңа нысанның ашылуында Алматы қаласы Жастар саясаты басқарма басшысының орынбасары міндетін атқарушы Нұрлан Мұхтарұлы құттықтау айтып, оның маңыздылығына тоқталды.

Студенттерге арналған жатақханаларды салу бойынша жобалық кеңсенің басшысы Дамир Кутумов жаңа нысандардың құрылысы туралы жоспармен бөлісті.

– Біздің кеңсе 2023 жылы құрылды. Сол уақыттан бері бүгінгі күнге дейін қала бойынша 30 жатақханың салынып, іске қосылуына көмек бердік. Берілген нысандардағы жалпы орын саны – 8304 төсек-орын. Бұл жатақхананы салған инвестор мақсатты бағдарлама туралы естігеннен кейін бізге келді. Біз оған ғимаратты пайдалануға қабылдағанға дейін құрылыстың барлық кезеңдерінде көмектестік. Жыл соңына дейін 5 мың төсек-орын болатын кезекті нысандардың құрылысын аяқтау жоспарланған. Онда бес университеттің студенттері тұратын болады. Келешекте Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағында 12 мың орынға жатақханалар салынады, – деді жобалық кеңсе басшысы.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЖАҢА ЖАТАҚХАНА



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлан МҰХТАРҰЛЫ,
Алматы қаласы Жастар саясаты басқарма басшысының
орынбасары міндетін атқарушы:

Студенттерді әлеуметтік қолдау –
маңызды басымдық

Алматы қаласы – еліміздің студенттік орталығы. Мұнда еліміздің жоғары оқу орындарының үштен бірі орналасқан, бүгінгі таңда олардың саны 35-ке жетеді. 201 мыңнан астам студент жоғары білім алады, оның 124 мыңы – өзге өңірден келген студенттер. Студент жастарымыз еліміздің болашағы, сондықтан студенттерді әлеуметтік қолдау – біздің жұмысымыздың басымдықтарының бірі. Ал жаңа жатақхана ашу – бұл ғимарат салу ғана емес, оқу мен даму үшін жайлы және шабыттандыратын орта құруға жасалған қадам. Жатақханалар салу бойынша жұмыстарды тиімді үйлестіру үшін қала әкімдігі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп жобалық кеңсе іске қосылды. Бүгінгі таңда Алматыда 127 студенттер үйі бар, олардың ішінде 92-сі мемлекет меншігінде, 35-і жекеменшік. Бұл жатақханаларда 40 мыңнан астам студент тұрады.

ДӘРІС

ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК:
нақты әрі мазмұнды бағдарлар

Алматы қаласы әкімінің
Атапсырмасына сәйкес,
қоғамдық тамақтану нысандарында Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңнамасының талаптарын сақтау жөніндегі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғасуда.

Ернұр
РЫСБАЙ

Шаһар басшысының шешіміне сәйкес бұл жұмыстар қала көлемінде кезең-кезеңімен жүргізілуде. Кезекті түсіндіру жұмыстары Наурызбай ауданында өтті.

Аталған іс-шара барысында кәсіпкерлерге Тіл туралы заң талаптары егжей-тегжейлі түсіндірілді. Қоғамдық тамақтандыру нысандарындағы көрнекі ақпараттар мен деректемелерде мемлекеттік тілдің дұрыс қолданылуы, тұтынушылармен қазақ тілінде қызмет көрсету мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, қатысушыларға әдістемелік көмек көрсетіліп, қойылған сұрақтарға нақты әрі мазмұнды жауаптар берілді.

Кездесуге Алматы қаласы әкімінің аппаратына қарасты Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің мамандары мен ҚР Рестораторлар клубы қауымдастығының өкілдері қатысты.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақыт ҚАЛЫМБЕТОВ,
Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы:

Тіл мәдениетін қалыптастыру алаңы

Бүгінгі кездесуіміз тек түсіндіру емес, қоғаммен бірге пікір алмасу, сұрақ-жауап арқылы тіл мәдениетін бірге қалыптастыру алаңы. Соңғы жылдары халықтың мемлекеттік тілде қызмет алуға деген сұранысы артып келеді. Бұл талап тек мемлекеттік мекемелермен шектелмей, жеке кәсіпкерлік нысандарына да қатысты.

Мемлекеттік тіл мәселесі бүгінде әлеуметтік желілерде де жиі талқыға түсіп, қоғамда түрлі резонанс тудыруда. Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Осыған орай, біз барлық аудан кәсіпкерлерімен кезектесіп кездесіп, заң талаптарын жеткізуді көздеп отырмыз. Жиын барысында кәсіпкерлер өз ұсыныс-пікірлерін айтып, мемлекеттік тілді қолдану барысында кездесетін қиындықтарымен бөлісті. Алдағы уақытта мұндай ақпараттық-түсіндіру жұмыстары Алматы қаласының өзге аудандарында да жалғасатын болады.

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

Ұлттық ұланның
Алматы тұрғындарының қоғамдық
тәртібі мен қауіпсіздігін
қамтамасыз ететін 5571
әскери бөлімінің жауынгерлері
бір күнде қырағылықтың бірнеше мы-
салын көрсетті.

ҚЫРАҒЫ
САРБАЗДАР

мегаполистің тыныштығын күзетіп жүр

Нұржамал
ӘЛІШ

Маңызды оқиғалардың бірі Наурызбай ауданында орын алды. Мегаполис тыныштығын қадағалап жүрген сарбаздар күдікті көрінген жастарға назар аударады. Тексеру кезінде олардан жасыл түсті есірткі заты бар байлам, сондай-ақ оны қолдануға арналған қолдан жасалған құрылғы табылды.

Кіші сержант Әли Тұрлығожа мен қатардағы жауынгерлер Бағдәулет Мырзахан, Жанболат Аятұлы, Саят Қуандық және Мұхамед-Әли Серіков бастаған патрульдік топтың шешуші әрекеттерінің арқасында күдіктілер ұсталып, Наурызбай ауданының полиция қызметкерлеріне тапсырылды.

Ұландықтар сол күні Медеу ауданында қырағылық-



тың тағы бір үлгісін көрсетті. Пушкин көшесін патрульдеу кезінде әскери қызметшілер үсті қанжоса адамды байқап, көмекке ұмтылады. Жәбірленушінің жамбасындағы терең жарақаттан қатты қан кетіп жатқанын көреді. Әскерилер оны белгісіз азамат пышақтап кеткенін анықтайды.

Қатардағы жауынгерлер Аян Бимырза, Абзал Омаров және Ескендір Закиров жәбірленушіге шұғыл түрде алғашқы медициналық көмек көрсетті.

– Біз дереу қанды тоқтатуға кірістік, жараны таңып, жедел жәрдем мен полиция шақырдық. Екі қызмет те оқиға орнына тез келді. Дәрігерлер жәбірленушіні тексеріп, жарасына ем-дом жасады, ал полицейлер жағдайдың мән-жайын анықтауға кірісті, – дейді әскери жасақ бастығы Аян Бимырза.



БАРЕКЕЛДІ

«РАХМЕТ, ЖАҚСЫ АДАМДАРЫМ!»

Алматы әкімдігінің қолдауымен үйлі болған 19 жасар Томирис арудың арманы биік

Томирис Икабаева – балалар үйінде өскен алматылық бойжеткен. Жасы 19-да. Жуырда оған Алматы әкімдігі «Шұғыла» ықшамауданынан бір бөлмелі пәтердің кілтін табыстады. Сүйкімді ару бізге қуанышында шек жоқ екенін айтты.

**Нұржамал
ӘЛІШ**

ЖЫЛЫ ҰЯ

Томирис ата-анасынан тоғыз айлығында қалған. 16 жасына дейін ата-әжесінің қолында болды. Үлкен кісілер өмірден өткен соң, балалар үйінде тәрбиеленді. Мектептен кейін бір жылдай мегаполистеі «Жасөспірімдер үйінде» тұрды. Дәл осы жасында үйлі боламын деп мүлдем ойламағанын айтады. Тіпті, пәтердің кілтін қолына ұстағанда, әлі де сенбей, өң мен түстің ортасында тұрғандай сезімде болғанын жасырмайды. «Жиырма бес жасымда алсам да жаман емес» деуші еді ішкі ойы. Қазір кеш батса болды, ұядай жылы үйіне жеткенше асығады. Оны «бұл менің үйім, өзімдікі» деген сезім қуанышқа бөлейді. Болашаққа деген сенімі зор, арман-мақсаттары енді осы үйдің қабырғасында қалана бастайды.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен баспаналы болған Томирисінің мамандығы да бар. 9-сыныптан соң Алматы технологиялық колледжіне түсіп, «Қонақүй бизнесін» меңгеріп шықты. Міне, өмір жолы өз арнасына түсіп, ақырындап айқындалып келеді. Алдағы күндерге деген сенімі, «мені қолдаған мемлекетке пайдмды тигізсем» деген арманы асқақ.

ӨМІР-ӨЛЕҢ

Тағдырына, өміріне еш өкпесі жоқ. Тек кейде марқұм

болған аяулы әжесін сағынып, жабырқап қалатыны бар. Әжесі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болған. Ақындығы да бар шығармашылыққа жақын жан еді. Томирисінің жүрген ортасы орысша болса да, ана тілін қадірлеуді бойына сол әжесі сіңіріп кеткен болатын.

Әлі есінде, 4-сыныпта оқып жүргенде 8 наурыз мейрамына орай ана туралы өлең жазу керек болды. Сонда анаға арнаған бір шумақ өлеңін кішкентай Томирис қазақша жазған. Анасын ешқашан көрмесе де, оған деген құрметін, сезімін сол бір шумақ өлеңге сыйдырған сөйтіп. Айтпақшы, бойжеткеннің атасы да зиялы адам болған, Ішкі істер органында подполковник шеніне дейін көтерілген.



– Менің үйлі болғанымды естіген жанашыр әпкем не әперейік, не сыйлайық деп сұрады бірден. Мен мынадай нәрсе керек деп, әрине, айта алмадым. Маған осы пәтердің өзі үлкен сыйлық еді. Бірақ әпкем құрбыларымен бірлесіп жұмсақ жиһаз тарту етті және еденіме әдемі кілем әкеліп төседі. Өмірде жақсы адамдар өте көп. Сондықтан менің де жаман болуға хақым жоқ. Жалпы, мен адамдарды бөлмеймін, жатсынбаймын, кім қандай, солай қабылдаймын. Өзің жақсы болсаң, қай жерде де саған бір кісілік орын бар деп санаймын, – дейді Томирис Икабаева.

ҚОЛДАУ

Айта кетейік, Алматы қаласының әкімдігі әлеуметтік жағынан осал тұрғындарды баспанамен қамтасыз ету жұмысын жалғастыруда. Мәселен, биыл осы топтағы 7284 адам, оның ішінде жетім балалар да мемлекеттік бағдарлама аясында тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Бұл туралы Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы хабарлады.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша белгіленген 20% квотаға сәйкес көпбалалы отбасыларды, халықтың әлеуметтік осал топтарын және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерін қоса алғанда, азаматтардың неғұрлым осал санаттарына тұрғын үй беріледі.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 74-бабына сәйкес коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй кезектілік тәртібімен ғана беріледі. 2024 жылы осы бағдарлама бойынша 5594 адам баспанамен қамтамасыз етілді. Бағдарлама аясында 2000 азамат коммуналдық тұрғын үй қорынан жалдамалы пәтерлер алды. Оның ішінде 404 пәтер жетім балаларға бөлінді, бұл берілген тұрғын үйдің жалпы санының 20%-на сәйкес келеді. Сонымен қатар, өткен жылы 257,7 млн теңгеге 207 тұрғын үй сертификаты берілді. Сертификат алушылар I және II топтағы мүгедектер, мүгедек балалары бар отбасылар, көпбалалы отбасылар және жетім балалар болды.



ӨМІР-ӨЛЕҢ

Тағдырына, өміріне еш өкпесі жоқ. Тек кейде марқұм

БАҒДАРЛАМА

Анастасия ЦИБУЛИНА:

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУЫМЕН БАСПАНАЛЫ БОЛДЫМ

Жақында алматылық Анастасия Цибулина мемлекеттік бағдарламамен баспаналы болды.

**Рая
ЕСКЕНДІР**

Баспанаға қол жеткізу дегеніңіз, адам өміріндегі қуанышы ерекше сәттердің бірі ғой. Біз де баспаналы болған қала тұрғынына жолығып, қуанышына ортақтастық. Толыққанды қалалық атанған жас ананың жүзі бал-бұл жанып, өз қуанышын былайша жеткізді:

«Мен 2015 жылы Алматыдағы ҚАЗБСҚА оқу орнын бітірдім. Ол кезде жас болдым. Қолында дипломы бар жас маман ретінде жұмысқа да дер кезінде орналасып алдым. Дегенмен, үйің болмаса, күйің де болмайды екен. Үнемі пәтерден-пәтерге көшіп-қону оңайға соқпады. Осылайша 2016 жылы Тұрғын үй басқармасына бардым. Сол жердегі кісілер үмітімді оятып, ақыл-кеңестерін аямады. Мемлекеттік



бағдарламалар арқылы түрлі жеңілдіктердің бар екенін біліп, көп ұзамай құжаттарымды өткіздім. Пәтер кезегіне тұру да көңілге медеу екен. Арада біраз уақыт өткенде, бір күні, яғни 2024

жылдың соңына таман «сіз үйлі болдыңыз, кезегіңіз келді» деп хабарласқанда, сенер-сенбесімді білмей, аң-таң болдым.

Шыны керек, мен үйдің кезегі тура-

лы тіпті ұмытып та кеткендіктен, «Алматы жастары» бағдарламасына қатысып көрейін деп, құжатымды тапсырып қойған едім. Биылғы қаңтар айында «Толық емес отбасы» бағдарламасы арқылы үйге қол жеткізіп, жаңа қонысыма көшіп те алдым. Қазір мен қаламыздағы Наурызбай ауданының тұрғынымын. «Шұғыла» ықшамауданындағы көпқабатты үйден екі бөлмелі пәтер алдым. Мемлекетіміздің қолдауының арқасында мен де баспана иесі атанып отырмын.

Әсіресе, екі кішкентай баламның қуанышын айтсаңызшы, тілмен жеткізе алмаймын. Үлкен ұлым 10 жасар, мектепке барып жүр, кіші ұлым 4 жаста. Енді олардың өз бөлмесі бар. Олар еркін ойнайтын болды. Ас бөлmemіз де керемет. Бұрын жалақымның көбі пәтерақыға кетсе, енді мен ол қаражатты балаларыма жұмсап жатырмын.

Мен қазір бақытты анамын! Жастарға айтарым, келешектеріңізді ойласаңыздар, осындай бағдарламалар арқылы баспаналы болуға болады.



ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР

СУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ

Алматыда ауқымды жобалар жүзеге асырылуда

Алматының су инфрақұрылымын дамыту жобалары – тұрғындар үшін жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі. Бұл тек инженерлік жаңарту емес, бұл – қаланың болашағына салынған инвестиция. «Алматы Су» ШЖҚ КМК директоры Ілияс Қазиев өңірлік коммуникациялар қызметі алаңындағы өткен брифингте қаладағы су саласы бойынша атқарылып жатқан ауқымды жобалар туралы баяндады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫТҰРАҚТЫ ДАМУ,
НАҚТЫ НӘТИЖЕ

2024 жылы «Алматы Су» ШЖҚ КМК 543 км жаңа су құбыры және кәріз желілерін іске қосып, нәтижесінде су құбыры желілерінің тозуын 52,7%-ға, ал кәріз жүйесінің тозуын 51,8%-ға дейін төмендетті. Бұл шаралар ауызсумен үздіксіз әрі сапалы қамтамасыз етуді жақсартып, қаланың экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді.

Спикердің айтуынша, жүргізіліп жатқан ірі жобалар қатарында Мыңбаев көшесіндегі магистральды құбырды ауыстыру, Таусамалы мен Тимирязев көшесінде инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары бар. Бұл жобалар 240 мың тұрғынды сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


2025 жылы тозығы жеткен 70 км желі жаңартылады. Екі резервуар салынып, төрт сорғы станциясы мен 200 сорғы құрылғысы жаңартылады. Сонымен қатар, Ақсай өзенінде су тазарту станциясы іске қосылып, Наурызбай ауданының тұрғындары үздіксіз сумен қамтылады. Қаланың батыс бөлігін дамыту үшін Барлық тобы мен «Нұрлытау» су тазарту станцияларының жобалары әзірленуде. Бұл жобалар арқылы «Ерменсай» мен «Нұрлытау» ықшамаудандарының 22 мыңнан астам тұрғыны 2026 жылдың соңына дейін таза суға қол жеткізбек.

Сондай-ақ, Медеу ауданында резервтік су жүйесі іске қосылып, 50 мың тұрғын үшін су сапасы жақсарды. «Каменское плато» мен «Көлсай» шағынаудандары да орталықтандырылған жүйеге қосылды. 2025 жылға дейін «Сұлусай» мен «Мұзтау» ықшамаудандары да сумен қамтылады.

ЖАҢА ЖҮЙЕ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ
САПАЛЫ СУМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Алматының «Ерменсай» ықшамауданында жазда жиі орын алатын су тапшылығын жою үшін ТЖ желісімен Әл-Фараби даңғылынан Арайлы көшесіне дейін су құбыры тартылып жатыр. Жаңа жүйе биыл тұрғын үйлерді жедел түрде сапалы сумен қамтамасыз етеді. Кейін бұл желі «Нұрлытау» су тазарту станциясымен біріктіріліп, жүйенің сенімділігін арттырады.

Медеу ауданының оңтүстік бөлігіндегі су тапшылығын жою үшін резервтік сумен жабдықтау жүйесі орнатылды. Бұл жүйе жерасты көздерінен тәулігіне 32 мың текше метр су жеткізеді. Нәтижесінде «Самал», «Көктөбе» және «Таулы қырат» шағынаудандарының 50 мың тұрғыны тұрақты сумен қамтамасыз етілді.



Жоба Кіші Алматы өзеніне тәуелділікті азайтып, судың сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Су Талғар жерасты су көзінен каскадты тәсілмен жеткізіледі, қажет болса, ағын бағыты өзгертіледі.

«Каменское плато» және «Көлсай» шағынаудандарына су беру жүйесі де жаңартылды. Жыл соңына дейін «Сұлусай» мен «Мұзтау» шағынаудандары

мен «Нұрлытау» шағынаудандары сумен және кәріз жүйесімен қамтылады.

КӨПЖЫЛДЫҚ МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕ
БАСТАДЫ

Алматыда «Ерменсай» және «Нұрлытау» шағынаудандарында сумен жаб-

дықтау мәселелерін шешу мақсатында ауқымды жоба басталды. Бостандық ауданының оңтүстік бөлігіндегі тұрғындар көптен бері сапасыз су жеткізу және жоғары тарифтерге байланысты «Водснаб» ЖШС, «Ерменсайводгаз» ЖШС және «Баур ЛТД» ЖШС сияқты жеке су жеткізушілердің қызмет сапасына шағымданған болатын. Бұл мәселені шешу үшін, қала басшылығы жаңа «Нұрлытау» су дайындау станциясын салып, осы аймақтың сумен жабдықтау жүйесін жаңғыртуды қолға алды. Қазіргі уақытта су құбырларын тарту жұмыстары басталып, жаңа тарату желілерін салу жобалары іске асырылатын болады. Бұл жобалардың нәтижесінде 2026 жылдың соңына дейін Ерменсай мен Нұрлытау аймақтарының 22 мыңнан астам тұрғыны сапалы сумен қамтамасыз етіледі.

Наурызбай ауданында су тапшылығын жою мақсатында Ақсай өзенінде қуаты тәулігіне 22 мың м³ болатын жаңа су дайындау станциясының құрылысы жүріп жатыр. Бұл станция 100 мың тұрғынды сапалы сумен қамтамасыз етеді. Құрылыс жұмыстары биыл қазан айында аяқталады. Сонымен қатар, мамыр айында Қарғалы сүзгі станциясы іске қосылып, бұған дейін басталған жұмыстар толық реттеледі.

Құрылыс жұмыстары барысында станцияның жұмысын қамтамасыз ету үшін кәріз коллекторы да салынып жатыр. Бұл коллектор маусым айында аяқталып, станцияны іске қосуға мүмкіндік береді.

Жоба жүзеге асқан соң, Наурызбай ауданының «Қарағайлы», «Құрамыс», «Таусамалы» және «Тастыбұлақ» шағынаудандарындағы 50 мың адам үздіксіз және сапалы сумен қамтылатын болады. Сонымен қатар, қаланың батыс бөлігіндегі өсіп келе жатқан сұранысқа жауап беру үшін «Барлық» су жинағыштың құрылысы басталады, оның қуаты тәулігіне 43 мың м³ болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ілияс ҚАЗИЕВ,
«Алматы Су» ШЖҚ КМК бас директоры:

«ИНВЕСТИЦИЯ ОРНЫНА ТАРИФ»
саясаты аясында 18 млрд теңге көлемінде
қаражат бөлуге ниеттіміз

Алматы қаласының инфрақұрылымын жаңарту – біз үшін үлкен жауапкершілік. Сондықтан біздің негізгі мақсатымыз – Алматы қаласының тұрғындарына сапалы, тұрақты және экологиялық таза сумен жабдықтау қызметін ұсыну. Қазіргі таңда қажетті шараларды қолға алып жатырмыз. Осы жылдың соңына дейін 70 км су құбыры және кәріз желілерін ауыстыру жоспарлануда. Бұл жұмыстар қалада сумен жабдықтау сапасын айтарлықтай арттырады. «Инвестиция орнына тариф» саясаты аясында 18 млрд теңге көлемінде қаражат бөлуге ниеттіміз. Бұл қаражат қаладағы ірі жобаларды жүзеге асыруға жұмсалады. Сонымен қатар, биыл біз 4 сорғы станциясын жаңартып, жаңа сорғы жабдықтарын сатып алу, трансформаторлық подстанцияларды жөндеу, сондай-ақ су резервуарларын жаңарту жұмыстарын атқарамыз. Ірі жобалар қатарында Мыңбаев көшесіндегі магистральды су құбырын ауыстыру, «Таусамалы» шағынауданында инженерлік желілер жүргізу және Тимирязев көшесіндегі траншеясыз әдіспен су құбырын қайта жаңарту жоспарланған. Бұл қаладағы 240 мың тұрғынды сумен жабдықтау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қаланың сумен жабдықтау жүйесін жаңарту жұмыстары көлік қозғалысына кедергі келтірмей және тұрғындарға су беру сапасын шектемей жүргізіледі. Алматылықтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғасады, экологиялық тұрғыдан да тиімді нәтижелерге қол жеткізуді көздейміз. Айта кетейін, жаңартылатын кәріз суларын тазарту станцияларындағы жаңа технологиялар мен шөгінділерді өңдеу құрылыстары да осы жұмыс аясында жүзеге асырылады.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ТҮНГІ РЕЙД – ТЕНТЕКТІ ТЕЖЕЙДІ

Алматы қаласы Полиция департаментінің мәліметінше, қабылданған шаралар нәтижесінде мегаполисте жасөспірімдер арасындағы қылмыс 22,4 пайызға төмендеген

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс – қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның назарында болуы тиіс. Алматы қаласында бұл бағытта жүргізілген алдын алу шараларының нәтижесінде оң өзгерістер байқалады.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАЙҚАЛАДЫ

Шаһарда кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстар саны 5,6 пайызға азайған. Жыл басынан бері 417 жасөспірім мен 375 жағдайы нашар отбасы анықталып, ішкі істер органдарына есепке алынған. 12 қиын жасөспірім девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім беру ұйымына жіберілген. Сонымен бірге, 407 кәмелетке толмағандар қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қорғау орталығына орналас-тырылған.

Қазақстан бойынша жасөспірімдер қылмысының жалпы деңгейінде де оң өзгерістер байқалады. Мәселен, жасөспірімдер арасындағы қылмыс 6 пайызға төмендеген.

Жасөспірімдердің түнгі уақытта көшеде жүруі түрлі қауіптерге әкелуі мүмкін. Олар қылмыстық әрекеттердің құрбаны немесе қатысушысы болып қалуы ықтимал. Сондықтан полиция рейдтері тек құқықбұзушылықты анықтау ғана емес, сондай-ақ ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды мақсат етеді. «Тәрбиелік міндеттерін дұрыс орындамаған ата-аналарға ескерту беріліп, кейбір жағдайларда әкімшілік жауапкершілікке тартылуда. Ата-аналардың балаларына деген немқұрайлылығы құқық бұзушылықтардың негізгі себептерінің бірі», – дейді тәртіп сақшылары.

ҚОҒАМДЫҚ ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Қолайсыз отбасылар – жасөспірімдер арасындағы қылмыстың жоғарылауына ықпал ететін тағы бір фактор. 2024 жылы осындай 559 отбасы есепке алыныпты. Полиция инспекторлары бұл отбасылардың тұрмыстық жағдайын тексеріп, балалардың құқығын қорғау бойынша тиісті шараларды жүзеге асырады.

Негізі, жасөспірімдер қылмысының алдын алу үшін құқық қорғау органдарының жұмысы жеткіліксіз. Жасөспірімдердің қауіпсіздігі үшін қоғам да жауапты. Мектептерде, жастар орталықтарында,

спорт секцияларында құқықтық тәрбие мен мәдени іс-шараларды күшейту керек. Сонымен қатар, ата-аналармен белсенді жұмыс жүргізу маңызды.

Алматыдағы жасөспірімдер арасындағы қылмыстың 22,4%-ға төмендеуі – қуанышты жайт. Бұл нәтижеге қол жеткізу үшін құқық қорғау органдары, мектептер, ата-аналар және басқа да мүдделі тараптар үлкен жұмыс атқарды. Алайда, бұл көрсеткішті одан әрі төмендету үшін жүйелі әрі тұрақты әрекеттер қажет.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІ КҮШЕЙТКЕН ЖӨН

Жасөспірімдер қылмысы – кез келген елдің әлеуметтік және құқықтық мәселелерінің маңызды бөлігі. Алматы қаласында бұл көрсеткіш соңғы жылдары төмендегенімен, мәселе толық шешілді деп айтуға әлі ерте. Қоғамның болашағы саналатын жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерден қорғау үшін жаңа әрі тиімді шараларды енгізу қажет.

Біріншіден, білім беру мекемелеріндегі құқықтық тәрбиені күшейткен жөн. Мектептер мен колледждер жасөспірімдер үшін негізгі тәрбие беретін орындар. Сондықтан білім беру мекемелерінде құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған арнайы бағдарламаларды енгізу қажет. Мектептерде заң негіздері бойынша арнайы курстар ұйымдастырып, тіпті кейбір жастарға қатысты сот процестерін білім ошағының акт залында өткізген дұрыс. Екіншіден, мектеп оқушыларын құқық қорғау органдары, заңгерлер және психологтармен кездестіру артықтық етпейді. Тіпті, қоғамдық ұйымдар мен волонтерлерді жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына тарту маңызды.

Қоғамдық ұйымдар жасөспірімдерге арналған өмірлік дағдыларды дамыту тренингтерін ұйымдастыруы керек. Үшіншіден, жасөспірімдерді бос уақытында пайдалы істермен айналысуға бағыттау – қылмыстың алдын алудың тиімді жолы. Қаланың әр аудандарында спорттық клубтарды ашып, қолжетімді бағада қызмет көрсеткен жақсы. Жастарға арналған шығармашылық байқаулар, театр студиялары мен музыкалық шеберханалар ұйымдастырған жөн. Төртіншіден, түнгі уақытта жасөспірімдердің көше кезіп жүруі олардың құқықбұзушылықтарға ұшырауына себеп болады. Сондықтан түнгі рейдтер санын арттырып, жасөспірімдер мен олардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Бесінші, қазіргі заманғы жасөспірімдер уақытын негізінен әлеуметтік желілерде өткізеді. Бұл платформаларды дұрыс пайдалану маңызды. Құқық бұзушылықтың салдарын көрсететін бейнематериалдар



КЕРЕК ДЕРЕК

- ✓ Алматы қаласында жасөспірімдер қылмысы 22,4%-ға төмендеген;
- ✓ Қазақстан бойынша бұл көрсеткіш 6%-ға азайған.

СОНДАЙ-АҚ, ЕЛ КӨЛЕМІНДЕ:

- ✓ Кісі өлтіру – 29%-ға;
- ✓ Ұрлық – 19%-ға;
- ✓ Тонау – 15%-ға төмендеген.

ҚЫЛМЫС ТҮРЛЕРІ:

- ✓ Жасөспірімдер көбінесе ұрлық, тонау және бұзақылық сияқты қылмыстар жасайды. Бұл қылмыстардың негізгі себептерінің бірі – ата-аналардың балалардың мінез-құлқын бақыламауы.

жарияланып тұрса, жақсы-ақ болар еді. Жасөспірімдер мен ата-аналарға құқықтық кеңес беретін чат-боттар мен онлайн қызметтер құрған тиімді. Тіпті, жасөспірімдерге жұмыспен қамтылу мүмкіндігін беру арқылы олардың бос уақытын тиімді пайдалануға болады. Бұл ретте «Жастар кәсіпкерлігі» жобасын қолға алып, жасөспірімдерге шағын кәсіпкерлікпен айналысу үшін гранттар бөлсек, қандай тамаша болар еді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ӘЛЕГІ

Белгілі психолог Әбдуәлі Мәмеділдің айтуынша, жасөспірімдердің қылмысқа баруына бірнеше фактор әсер етеді. Идеалдың болмауынан, жасөспірімдер өздеріне үлгі тұтатын тұлғалардың жоқтығынан теріс мінездегі кейіпкерлерге, мысалы, кинодағы гангстерлерге немесе мафиоздарға еліктейді. Отбасылық бақылаудың әлсіреуі де әсер етеді. Ата-аналардың жұмысбастылығы балаларының немен айналысып жүргенін бақылауға мүмкіндік бермейді. Әлеуметтік желілердің әлегінен, балалардың интернеттегі ақпараттарды талдай алмауы және дұрыс пен бұрысты ажырата алмауы олардың теріс әрекеттерге баруына ықпал етеді. Құқықтық сауаттың төмендігі де жоқ емес. Жасөспірімдер заңның талаптары мен

салдарын толық түсінбегендіктен, құқық бұзушылыққа бейім болады.

Психологтың пікірінше, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, мектептерде құқықтық тәрбие беру және балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру маңызды.


ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ ҚАНДАЙ?

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс – әлемдік деңгейде талқыланатын өзекті мәселе. Бұл ретте қылмыстың алдын алу бағытында дамыған елдердің тәжірибесін зерттеп, оны жергілікті жағдайға бейімдеу қажет. Мысалы, Швецияда жасөспірімдер қылмысының алдын алу үшін түрлі тәсілдер қолданылады. Отбасылық кеңестер береді. Әрбір құқық бұзушы жасөспірімнің отбасымен кеңес өткізіліп, мәселенің негізгі себебі анықталады. Қылмысқа барған жасөспірімдерді арнайы әлеуметтік орталықтарға орналастырып, оларды қайта әлеуметтендіруге күш салады. Жапонияда қоғамның бақылауы күшті жолға қойылған. Онда қылмысты азайтуда бүкіл қоғам жауапты. Мектептерде арнайы құқық қорғау офицерлері жұмыс істейді, олар оқушылардың тәртібін бақылап, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Балаларға қылмысқа барудың салдары туралы мектептен бастап түсіндіріледі.

АҚШ-та жасөспірімдерді қылмыстық жазаға тартудың орнына, оларды білім беру, еңбек терапиясы сияқты түзету бағдарламаларына жібереді. Жасөспірімдердің қылмыстық істері бойынша арнайы соттар жұмыс істейді, олар жазалаудан гөрі оңалтуға басымдық береді. Осы ретте Алматыда медиация және балама жаза-лау механизмдерін енгізу тиімді болар еді. Финляндияда жастардың бос уақытын тиімді өткізуге ерекше көңіл бөлінеді. Барлық жасөспірімдерге спорт, өнер, музыка секциялары тегін қолжетімді. Балаларға мектептен кейін уақытын пайдалы өткізуге мүмкіндік беретін арнайы орталықтар жұмыс істейді.

Алматыға шетелдік тәжірибені тиімді бейімдеу арқылы жасөспірімдер қылмысының деңгейін төмендетуге болады. Бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның бірлескен әрекетіне байланысты.

P.S.: Алматы қаласы мен жалпы Қазақстан бойынша жасөспірімдер арасындағы қылмыстың төмендеуі – құқық қорғау органдары, білім беру мекемелері және ата-аналардың бірлескен жұмысының нәтижесі. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі күшейту, әсіресе, құқықтық тәрбие мен алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу маңызды болып қала береді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен интернеттегі зиянды контенттің әсерін азайту үшін балалардың онлайн белсенділігін бақылау қажет.





Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҰЛТТЫҚ МУЗИКА

ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР МЕРЕКЕСІ



Алматыда Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Меруеш Башайқызының шығармашылық кеші өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әндердің барлығы Құрманғазы атындағы ұлттық халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен шырқалды. Дирижері – Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің бас дирижері, Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі Ерлан Бақтыгерей. Ән кешінде Моңғолияның мәдениет саласының үздігі Сағым Бейбітшілікқызы да өнер көрсетті.

Меруеш Башайқызы – Қазақстан мен Моңғолияның мәдениет қайраткері. Ол 2007 жылы Тұңғыш Президенттің шақыртуымен атажұртқа оралған. Моңғолия және Қазақстан

Республикасында өткен көптеген халықаралық және республикалық әншілер байқауларының лауреаты.

Бұл – Құрманғазы оркестрінің сүйемелдеуімен өткен Меруеш Башайқызының үшінші концерті. Алғашқы кеші 2011 жылы Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының қолдауымен өткен болатын. Қазақтың дәстүрлі өнерін на-

сихаттау жолында еңбек етіп жүрген Меруеш Башайқызының репертуарында 500-ден астам ән бар, олардың арасында 10 түрлі елдің тілінде орындалатын шығармалар да бар. Осы жолғы концертінде әнші 20-ға жуық әндерін шырқады. Олардың арасында Қазақстанда бұрын-соңды орындалмаған әндер мен жаңа туындылар да бар.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Меруеш БАШАЙҚЫЗЫ,
мәдениет саласының үздігі:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰРПАҚҚА МҰРА

Алматы – өнердің алғашқы ошағы. Менің өнердегі мақсатым – шетелдегі қазақ композиторларының шығармаларын және атажұртқа жетпеген әндерді өз елімізде насихаттап, халыққа жеткізу. Осы арқылы халыққа ұлттық өнердің рухани байлығын көрсеткім келеді.

Араға 14 жыл салып осы оркестрмен тағы да бір концерт беру – мен үшін үлкен абырой. Құрманғазы оркестрі – тек кәсіби орындаушылардан құралған ұжым емес, ұлттық өнеріміздің символы, еліміздің бас оркестрі. Сондықтан бұл ұжым менің шығармашылығымда ерекше орын алады. Мен шетелде өскендіктен, Құрманғазы оркестрімен бірлесе концерт өткізу – бала кезімнен бергі арманым болды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үш рет Ұлттық құрылтай өткізді және бұл құрылтайдың аясында: «Біз ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, ұлттық идеологиямызды қалыптастырамыз» деп айтты. Құрылтайдың басты мақсаты – өзіміздің мәдениетімізді, өнерімізді насихаттау және осы арқылы еліміздің рухани деңгейін көтеру. Ұлттық идеология тек сөздермен емес, ұлттық өнер мен мәдениет арқылы қалыптасады. Әсіресе, ұлттық музыка мен дәстүрлі өнер – болашақ ұрпақ үшін үлкен мұра. Осы тұрғыда дәстүрлі ән кештері мен жобаларым ұлттық құндылықтарды көрсетуге бағытталған.

Ерлан БАҚТЫГЕРЕЙ,
Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің бас дирижері:

ӘНДЕР МЕН КҮЙЛЕРДІҢ ТАМАША ҮЙЛЕСІМІ

Құрманғазы атындағы ұлттық оркестрдің қатысуымен өткен кеште Құрманғазы бабамыздың шығармаларын орындамауға болмайды. Бүгінгі кеште Құрманғазының «Серпер» және «Сарыарқа» күйлері орындалды. Кеште орындалатын репертуарымызда жүзге жуық ән мен шығарма бар. Олардың ішінде туған жерге арналған әндер мен күйлер ерекше орын алады. Әрбір туындының артында терең мағына мен ұлттық болмыс жатыр. Екі сағаттық концертте біз жаңа туындылар мен дәстүрлі музыканың тамаша үйлесімін ұсыну үшін барымызды салдық.



Саят ҚАМШЫҒЕР:

«КІТАППЕН ДОС БОЛЫҢДАР,

бүгін ТікТок қарап жүрген балаларды ертең кітап оқығандар басқарады»

Алатау ауданындағы №169 мектеп-лицейде танымал ақын Саят Қамшыгердің оқушылармен кездесу кеші өтті.

Сөз киесін құрметтеп жүрген ақынмен өткен шығармашылық кездесу білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбие жұмыстарының жаңа бағытына жол ашып, ұрпақ санасын жаңғырудың жарқын үлгісіне айналды.

Саят Қамшыгер – ақын, аудармашы, әдебиет жана-шыры, заманауи қазақ әдебиетінің биік тұлғасы. Ол поэзия мен прозаны, көркем сөз бен азаматтық ұстанымды сабақтастыра білген қаламгер. Оның шығармалары – тек әдеби туынды емес, рухани бағдарламашы, жас оқырманға жол көрсетуші шамшырақ деуге болады. Сырласу кеші жасөспірімдер мен кітап арасындағы көпірді қайта жалғады десе де болады. Әңгімесін «Кітап бетін аспаған ұрпаққа болашақ есігін ашпайды» деген қанатты сөзбен бастаған ақынды жас оқырмандары ұйып тыңдады.

«Бүгін ТікТок қарап жүрген балаларды ертең кітап оқығандар басқарады. Мен соған сенемін. Кітап оқитын адамның кеудесі – бай қазына. Жалпы, адам баласын орта өсіреді, жақсы орта өсіреді. Ал жақсы адам сол ортаны өзі жасайды. Егер сендер кітап оқуға құмар болсаңдар, өз сыныптарыңды да соған бейімдеңдер. Кітап бізді алға талпындырады. Жас кездеріңде кітапты көбірек оқып қалыңдар. Өйткені, қартайғанда оған уақыттарың болмауы мүмкін. Сол оқыған кітаптарың сендерді үнемі алға талпындырып, жетістікке жеткізіп отырады. Сондықтан барлығыңа айтарым, кітаппен дос болыңдар, сендермен әңгімелеспесем, сұрақтарыңа жауап бермесем, онда сендер күткен кітапты мен жаза алмаймын.

Мен бастауышта оқып жүрген кезімде Қарашаш деген апай болды. Бәрімізге бір кітап оқудың қажет екенін білдірді. Мен сол кезде Қасым Қайсеновтің «Жау тылында» деген кітабын оқып жүрген едім. Сол сәтте әлгі кітапты сыныбыма түсіндіріп, таныстырып шықтым. Кітапты жарнама-лап, насихаттап айтқаннан кейін, кітапханада үш кітап бар екен, бүкіл сыныбымызбен оқып, сол кітапты талқылап, кездесу жасадық. Менің айтпағым, әрбір ұстаз шәкіртінің бойындағы қабілетті оята білуі керек екен ғой.



Менің ұстазым да көзімдегі жылт еткен кішкентай отты алапат бір жылға айналдыра білді деп ойлаймын. Осылайша кітаппен достасқан Саят әлі күнге дейін сол кітапты қолынан түсірмей келе жатыр. Жазатыным кітап, оқитыным да кітап. Кітапты насихаттап, рюкзакқа толтырып насихаттап жүреміз. Мектепке барсам, бар мақсатым – оқушыларға, оқырмандарға оқитын дұрыс кітап ұсыну. Кітап оқыған оқырмандармен сол кітап туралы сөйлесу, оны талқылау. Сонымен жүрген жайым бар.

Негізгі жұмысым кітап жазып, түні бойы оны аудару, күндізгі жұмысым мектеп аралап, кездесуге бару, кітапты насихаттау. Сендермен сөйлесіп, араласудың арқасында қандай кітапқа сұраныс бар, соны білемін. Сосын сол кітаптарды мен жазамын. Аударамын. Әр жазушы сұранысқа сай жұмыс істеуі керек. Егер сұранысқа сай мен жұмыс істемесем, сендер сол Гарри Поттерді, Владимир Калисневті орысшадан, ағылшыншадан оқи бересіңдер. Мен сендерге Айгиз Баймұхамедовтің «Тастамашы, ана» деген кітабын оқыңдар деп кеңес берер едім. Осы кітапты оқығаннан кейін бауырыңа бер. Аналарыңа оқып беріңдер. Осы кітапты мұғалімдеріңе беріңдер. Кітап осылайша оқырманын табады. Бүгінгі бала кітапты сән үшін емес, жанын емдеу үшін оқуы керек. Кітап – тәрбие құралы ғана емес, ол – өмірдің өзі», – деді Саят Қамшыгер.

Жазушының «Ертегісіз өткен балалық шақ» кітабы жасөспірімдерге арналған, бірақ ересектердің де жанын тербейтін шынайы шығарма. Бұл кітап автордың жеке тағдырынан сыр шертіп қана қоймай, соғыс көрген ата-әженің тәрбиесін, жалғыздық пен жауапкершілікті, отба-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Патшагүл ОҒАРБАЙҚЫЗЫ,
№169 мектеп-лицей директоры:

Қоғамның болашағы – жас ұрпақтың рухани деңгейімен өлшенеді

Оқушыларымыздың бастамасымен Саят Қамшыгердің «Ертегісіз өткен балалық шақ» атты кітабын оқу эстафетасы қолға алынған еді. Сосын осы кітапты көрші мектептерге ұсынып, өзара әдеби пікірталастар мен оқырман клубтарын ұйымдастыра бастады. Бұл – жасөспірімдердің өз бетімен әдебиетке деген ықыласын білдіретін нақты әрекет.

Қалалық білім басқармасы мен мектеп әкімшілігінің бастамасымен жүзеге асқан бұл іс-шара – білім беру ұйымдары мен заманауи қаламгерлер арасындағы байланыстың қаншалықты маңызды екенін тағы бір дәлелдеді. Қоғамның болашағы – жас ұрпақтың рухани деңгейімен өлшенеді. Саят Қамшыгер сынды қаламгерлермен өткізілген кездесулер – оқушының тек білімін емес, адамдық қасиетін тәрбиелеудің таптырмас құралы. Осындай мазмұнды іс-шаралар еліміздің әр мектебінде жүйелі түрде өткізіліп отырса, ұлттық болмысымыз бен рухани құндылығымыз мәңгі жасайтынына сеніміміз мол.

сылық жылылықты, уақыт пен бала көңілінің нәзіктігін дәл жеткізе алған естелік.

Кездесу форматы қарапайым дәріс немесе әдеби сәтат шеңберінде қалмай, интерактивті әрі диалогтық сипатта өтті. Ақын мен оқушылар арасындағы еркін пікір алмасу, сұрақ-жауап, шынайы эмоциялар мен жүрекке жеткен ойлар – мұның бәрі қазіргі білім беру саласындағы заманауи тәсілдің көрінісі. Жасөспірімдер өз пікірлерін ашық айтып, шығармашылық алған әсерлерімен бөлісті. Кейбірі тіпті бұл кітаптан кейін анасын құшақтап, балалық шағы туралы алғаш рет ойланғандарын да жасырмады. «Бұл кездесу менің өмірімдегі ең әсерлі сәттердің бірі болды. Саят ағайдың әр сөзі жүрегіме жетті. Кітапты оқығанда көзіме жас келді», – дейді 9-сынып оқушысы.

• №169 мектеп ұжымының бұл бастамасы республикалық челленджге ұласқанын айта кеткен жөн. Қазірдің өзінде бұл челлендж Алматы қаласындағы бірнеше мектепте жалғасын тауып, басқа өңірлерде де қолдау табады. Әлеуметтік желілерде #ертегісізөткенбалалықшақ хэштегімен оқушылардың пікірлері фотосуреттері мен бейнежазбалары таралып жатыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләззат СӘЛІМОВА,
№14 бөбекжай-балабақша
меңгерушісі:

Ұлттық рух пен салт- дәстүр ұлықталды

Іс-шарада ұлттық рух пен салт-дәстүр ұлықталды. Мектепалды топтар – «Қызғалдақ», «Мальвина», «Ласточка», «Звёздочка», «Достық» – өз өнерлерін ортаға салып, ұжымдық жұмыс пен тәрбиешілердің ұстаздық кәсіби біліктілігін көрсетті. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері де ұлт мұрасын баланың жүрегіне жеткізуші шынайы мәдени ағартушылар екендіктерін дәлелдеді.

Бұл мереке жай ғана бір күндік іс-шара емес. Бұл – ұлттың тамыры бөбекжайдан басталатынын айғақтаған нақты мысал. Егер біз осындай үлгідегі тәрбиені тұрақты үрдіске айналдырсақ, жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілікті терең сіңіре аламыз.

Мөлдір Аманкелдіқызы, Гауһар Армияева, Фаризат Жанұзақова және Светлана Нұрсейітова балалардың өнерін кәсіби деңгейде дайындап, сахналық мәдениет пен ұлттық нақышты үйлесімді жеткізе білді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!»

Ұрпақ тәрбиесінің негізі отбасы мен балабақшада қалыптасады

Алматы ауданындағы №14 бөбекжай-балабақша ұжымы ұлттық рухты жаңғыртты. Балабақша ауласында қазақтың киіз үйі тігіліп, Әз-Наурыз мерекесі өтті.

Наурыз – бұл тек жылдың жаңаруы емес, ұлттың өзін-өзі тануы, тарихпен қауышуы, болашақпен үндесуі ғой. Жалпы, ұлттық құндылыққа айналған мереке қай дәуірде де халқымыздың рухани өзегін сақтап қалды. Сол өзек бүгін балабақша қабырғасында жаңаша сипат алып, тәрбиенің тірегіне айналып отыр. «Қош келдің, Әз-Наурыз!» атты мерекелік іс-шара – соның айқын дәлелі.

Бұл күн балдырғандар үшін ертегі әлеміне айналса, ата-аналар мен педагогтар үшін ұлттың алтын арқауын ұрпаққа табыстау сәтіне айналды. Балалар ұлттық киіммен ән салып, би биледі. Аңыз ертегі кейіпкерлері де осында. Бірақ бұл – жай ғана сахналық қойылым емес. Өйткені, ұлт рухы балабақшадан басталады. Бұл – тамыры тереңде жатқан мәдени кодтың жанды көрінісі. Мұндағы әрбір ән мен ойында ұрпақ сабақтастығы мен ұлттық сана жатыр. Іс-шараға барлық топтың ата-аналары белсене атсалысты. Ұрпақ тәр-



биесінің негізі отбасы мен балабақшада қалыптасады десек, Наурыз мерекесі – ата-ана мен бала арасындағы рухани үндестіктің, тәрбиенің ортақ мектебі.

Балабақша ұжымы мерекені жоғары деңгейде ұйымдастырды. Наурыз мейрамы – әрбір баланың есінде қалатын, тәрбиелік мәні терең бағдарламаға айналды.

Мерекелік бағдарламаның мазмұнды өтуіне әдіскерлер Меруерт Әмірбекқызы, Динара Бекмұханбетқызы, музыка жетекшілері Берік Жұмахметұлы, Светлана Садаридинова және Сәния Шәріпқалиқызы, тәрбиешілер Әсия Шажабеева, Күнсұлу Жанабекова, Валентина Лициса, Айбүбі Сейітжанова, Ирина Кашикова,

МЕКТЕП АСХАНАСЫ

ТЕГІН ТАМАҚПЕН ҚАМТУ

Бұл мақсатқа Алматыда жергілікті бюджеттен қомақты қаражат бөлінген



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдерге 2027 жылға дейін еліміздің барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамту туралы тапсырма берді. Бұл тұрғыда тиісті қаражат та дер кезінде бөлініп, 1,6 миллионнан астам бастауыш сыныпта оқитын барлық оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың бастамасымен биылғы оқу жылынан бастап, Алматы қаласының 1–4-сынып оқушылары әлеуметтік артықшылықтарына қарамастан, барлығы бірдей тегін тамақтана бастады. Яғни биыл тегін тамақпен қамтылған алматылық оқушылардың үлесі бұрынғыдан да артып отыр. Мәселен, өткен оқу жылында тек 19 мың оқушы ғана тегін тамақпен қамтамасыз етілсе, ағымдағы оқу жылында бұл көрсеткіш еселеп өсіп, 133 мыңнан астам оқушыны қамтыды. Яғни қазір Алматы қаласының барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен 100% қамтылды. Оның ішінде әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан 5–11-сынып оқушылары да бар.

Жалпы, мектеп оқушыларын тегін тамақпен қамту өркениетті мемлекеттердің

барлығында бар үрдіс. Келешегін ойлайтын кез келген ел ұрпағының болашағын тым ерте бастан қолға алып, тереңнен қозғайды. Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы. Сондықтан мектеп жасындағы балалардың дұрыс тамақтанып, жас ағзаның қажетті дәруменмен қоректенуі олардың болашағына да зор әсерін тигізеді.

Мемлекет басшысы тарапынан ұрпақ болашағына айрықша көңіл бөлінуі тектен-тек емес. Барлық отбасында бала денсаулығына жеткілікті деңгейде көңіл бөліне бермеуі де мүмкін. Сондықтан мектеп асханасының оқушыға берілетін ыстық асы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға үлкен көмек болды. Ендігі бір мәселе, тегін тамақ сапасына сай ма? Осы ретте қаламыздағы №67 асханасынан шыққан шу біраз мәселеге тұздық болғандай.

Тегін тамақ талапқа сай ма? Рас, тегін тамақ мәселесіне келгенде ата-аналар тарапынан сын да айтылып қалады. Осы арада «Арзанның сорпасы татымас» деген мақалды ескерсек, бәлкім ата-ананың алаңдауы заңды емес пе екен деп те ойлайсың. «Балалар – болашағымыз» демекші, ең бастысы – балалардың денсаулығын қоғам болып қаперде ұстаған оң дейміз. Осы орайда бұл мәселені әр қырынан зерделеу тұрғысында Алматы қалалық Білім басқармасы басшысы мен асхананы жалға алушы өкілге де жолығып, осы сауалға жауап іздеген едік. Олардың пікірлерін «Тақырыпқа орай» айдаршасынан оқыңыздар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сайран САЙФЕДЕНОВ,
қалалық Білім басқармасының басшысы:

САПАНЫ ҚАДАҒАЛАЙТЫН ТОП БАР

Мектеп оқушыларын тамақпен қамту – білім саласының негізгі бағытының бірі. Қазіргі таңда Алматы қаласының мектептерінде 309 мыңнан астам оқушы оқиды. Осы оқушылардың 127 мыңнан астамы 1–4-сынып оқушылары, олар тегін тамақтанса, 8 мыңнан астам атаулы көмек алатын отбасы балалары да тегін тамақтанады. Бұл мақсатқа Алматыда жергілікті бюджеттен қомақты қаражат бөлінген. Тамақтың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы топ тексеріп отырады. Арнайы топ құрамына Алматы қаласы әкімінің орынбасары, Мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері мен тамақтану саласының негізгі мамандары бар. Мұндай арнаулы топ әр ауданның өзінде де бар. Жалпы, Алматы қаласы бойынша мектеп асханасын, оқушы тамағын қадағалап, қарап отыратын 62 адамнан тұратын топ жұмыс жасайды. Жақында әлеуметтік желілерде Алмалы ауданындағы №67 мектептің асханасы туралы сөз болды. Арнайы топтың тексеруі барысында желіде көрсетілген жағдай расталмады. Өйткені, бейнебақылау арқылы жан-жақты тексерілді. Дегенмен, кемшіліктер табылды. Бұл ретте мектеп басшысына да, кәсіпкерге де қатаң шара қолданылды.

Ардақ АЛТАЙБЕКҚЫЗЫ,
асхананы жалға алушы:

ӘРБІР ІСІМІЗГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАЙМЫЗ

Біздің де жұмыссыз қалғымыз келмейді. Сондықтан міндеттемімізге қатты маңыз береміз. Кейде көпе-көрнеу сын да айтылып жатады. Мүмкін өз жұмысына салғырт қарайтындар да бар шығар. Бірақ теңдерді ұтып алған соң, кім жауапты тапсырыстан айырылғысы келеді дейсіз. Біз әрбір ісімізге жауапкершілікпен қараймыз. Қазір бізге де оңай емес. Оның үстіне азық-түлік дегеніңіз қымбаттап жатыр. Жалға алып отырған орынға төлейтін шығындарымыз, қарамағымыздағы қызметкерлеріміздің жалақысы біздің мойнымызда. Тендерге қатысып, оны ұтып алған соң, біз де өз міндетімізді білеміз. Бізге үлкен жауапкершілік жүктелген. Мәселен, бір баланың іші ауырса, біз жауап береміз. Тағамның сапасынан бастап, асхананың, жиһаздың, ыдыс-аяқтың тазалығына, өзге де мәселелерге жауаптымыз. Жалпы, мектеп асханасы әзірлейтін астың сапасын арнайы құрылған комиссия күнделікті тексеріп отырады. Оның құрамына медицина қызметкерлері, мектеп әкімшілігі, ата-аналар кіреді. Барлық мектеп асханаларына Тағамтану институты бекіткен бірыңғай стандарттарға сәйкес, ас мәзірі бекітілген. Сондықтан ата-аналар балаларының қандай тамақ ішетінін білгісі келсе, күнделікті ас мәзірін Білім басқармасының немесе сол мектептің сайтынан да көрулеріне болады.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда ХЭОТ санатындағы 1–4-сынып балалары мен 5–11-сынып балаларын тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджетте 16,5 млрд теңге қарастырылған. 133 мыңнан астам оқушыны қамтып отыр. Тамақтану құны орта есеппен 840 теңге, бұл еліміз бойынша ең жоғары көрсеткіш.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ»

ӨЗ КӘСІБІҢДІ ТАҢДАУ – маңызды қадам

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл бастаманы сала өкілдері жұмысшы мамандығының беделін арттырып қана қоймай, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасының іске асуына жасалып отырған қолдау деп қабылдап, осы мақсатты жүзеге асыруға кіріскен еді. Сондай жүйелі жұмыстың бірі – қала көлемінде өтіп жатқан «Кәсіп таңдау – бұл маңызды!» деп аталатын кәсіби бағдарлау жұмысы.

Қазіргі таңда Алматы құрылыс-техникалық колледжінің инженерлік-педагогикалық ұжымы мектеп оқушыларына арнап, шеберлік сыныптары мен сынақ-тәжірибелік сабақтарын өткізуді қолға алды.

Олар өндірістік оқыту шеберлерімен шеберлік сыныптарын өткізіп, оқушыларға мамандықтың қыры мен сырын үйретіп жатыр. Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Эльвира Бақтыбаеваның айтуынша, аталмыш іс-шараларды өткізудегі басты мақсат – кәсіби бағдарлық жұмыс барысында өндірістік оқыту жүргізілетін жабдықтарды көрсету, таңдалған кәсіптің болашағына көз жеткізіп, өз әлеуетін ашу мүмкіндігін сынға салу болып отыр.

Сонымен қатар, колледжде өтіп жатқан іс-шараға мектеп оқушылары мен мұғалімдері, ата-аналар да қатысып жатыр. Оқушылар колледждің мамандықтары мен біліктіліктері туралы өзекті мәліметтерді алады, студенттер өндірістік оқыту жүргізілетін жабдықтармен танысады.

Іс-шараның маңыздылығына келсек, бұл оқушылар үшін болашақ мамандықты таңдауда жауапты қадам болмақ.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

БАЙҚАУ

«ӨРТ СӨНДІРУШІ-ҚҰТҚАРУШЫ» еңбегі мен ерлігі дәріптелді

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті «Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күніне» орай қаламыздағы бөбекжай-балабақшалар арасында «Өрт сөндіруші-құтқарушы» деп аталатын іс-шара өткізді.

Аталмыш тақырыптағы кештің балабақшалардан басталуы тегін емес. Өйткені, көп жағдайда өкінішті оқиғаның болуына балалар басты себепкер болып жатады. Сондықтан «Сақтансаң, сақтаймын» деген қағиданы қатаң ұстанған «төтеншеліктер» мұндай іс-шараларды балабақшадан бастағанды жөн көріп отыр. Іс-шара барысында өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың ерлігі мен еңбегі кеңінен дәріптелді. Төтенше жағдайдың алдын алу мен болуына себеп болатын жағдайларды балалар сурет тілімен жеткізді. Байқауға қала балабақшалары көптеген шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Байқау қорытындысы бойынша, Жетісу ауданы №179 бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілері үздік деп танылып,

бас жүлдені иемденді. Бүлдіршіндер ба-тылдық пен адал қызметті серік қылған, өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың жанқиярлық еңбегін өлең-жырға арқау етті. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті барлық қатысушы бүлдіршінге сый-сияпат жасап, жеңімпаздарды құттықтады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанар ӘУЕЛХАНҚЫЗЫ, №179
бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

МАҒЛҰМАТЫ МОЛ ДӘРІС

Мұндай тақырыптағы іс-шараның берері мол. Қалалық Төтенше жағдай департаментінің қызметкерлері бүлдіршіндерге қызықты әңгімелер айтып, оларды оқыс оқиғадан сақтандырды. Отбасында өртке, газға сақ болуға шақырды. Тосыннан болатын жағдайлардың тууына себепкер қауіпті заттарды ересектердің рұқсатынсыз пайдаланудың соңы өкінішті жағдайларға әкелетінін ескертті. Бүлдіршіндерге ғана емес, үлкендерге де мағлұматы мол іс-шара болды.



ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

МАМАН МІНБЕРІ

ЖАҚСЫ ӘДЕТ ЖАМАН АУРУДАН ҚОРҒАЙДЫ

Стоматит – балалар арасында жиі кездесетін сауыз қуысының қабыну ауруы. Ол ауыздың шырышты қабатында жара, қызару, ісіну, ауыру және дене қызуының көтерілуі сияқты белгілермен көрінеді.

Алматының №2 қалалық емханасы арнайы емдеу-диагностикалық профилактикалық бөлімінің меңгерушісі Дастан Мұстафаның айтуынша, стоматиттің алдын алуға болады және бұл көп күшті қажет етпейді. Тек күнделікті әдеттерді дұрыс қалыптастыру жеткілікті. Осы орайда дәрігер аурудың алдын алу жолдарын түсіндірді.

Стоматиттің пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді:

- ◆ Гигиенаның сақталмауы – балалар қолын, ойыншығын, бөтен заттарды ауызына жиі салады. Егер олар таза болмаса, инфекция түсу қаупі жоғарылайды;
- ◆ Имунитеттің төмендеуі – әлсіз имунитет кез келген инфекцияға жол ашады. Бұл, әсіресе, маусымдық суық тию немесе созылмалы аурулар кезінде байқалады;
- ◆ Тісжегінің болуы – ауыз қуысындағы бактериялар тек тістерге емес, бүкіл ауыз қуысының шырышты қабатына да әсер етеді;
- ◆ Теңгерімсіз тамақтану – дәрумендер мен минералдардың жетіспеуі стоматиттің дамуына ықпал етуі мүмкін. Әсіресе, В тобы дәрумендері, темір мен фолий қышқылының тапшылығы бұл ауруға себеп болуы мүмкін;
- ◆ Механикалық жарақаттар – ыстық немесе өте қатты тағамдарды жеу, байқаусызда тілін немесе ұртты тістеп алу да шырышты қабаттың зақымдануына әкелуі мүмкін.

Стоматиттің алдын алу үшін қарапайым, бірақ тиімді шараларды күнделікті дағдыға айналдыру қажет:

1. Тазалық – ең басты ереже. Баланы ерте жастан қол жууға, жеке гигиенаны сақтауға үйрету керек. Ойыншықтарды, әсіресе, жиі қолданатындарын, жүйелі түрде жуып, дезинфекциялап отыру қажет. Баланың ыдыстары мен жеке күтім құралдары (қасық, тіс щеткасы, сүлгі) тек өзіне арналуы тиіс.

2. Дұрыс тамақтану. Баланың күнделікті рационын да көкөніс, жеміс, сүт өнімдері, ет және балық болуы керек. Витаминдерге бай тағамдар ауыз қуысының шырышты қабатын күшейтеді және инфекцияларға төзімділікті арттырады. Сонымен қатар, тым ыстық, өте ащы немесе қышқыл тағамдардан аулақ болған жөн.

3. Ауыз қуысын күту. Тіс тазалау – стоматиттің алдын алудың негізгі жолдарының бірі. Баланы бір жасынан бастап тіс күтіміне үйреткен дұрыс. Жасына сай сапалы тіс пастасы мен жұмсақ щетка таңдау маңызды. Егер балада тісжегі болса, оны уақытында емдеу қажет.

4. Жаман әдеттерден арылту. Көптеген бала саусағын, ойыншығын немесе басқа заттарды ауызға салуды ұнатады. Бұл әдеттен ерте бастан арылту керек, себебі ол стоматиттің жиілеуіне себеп болуы мүмкін.

5. Имунитетті нығайту. Күшті имунитет кез келген инфекцияға төтеп беруге көмектеседі. Ол үшін бала дұрыс тамақтанып, таза ауада жеткілікті уақыт өткізуі, қозғалысты көп қажет ететін ойындар ойнауы керек. Сонымен қатар, жеткілікті ұйқы да маңызды рөл атқарады.

«Егер балаңыздың ауыз қуысында жаралар пайда болып, тамақтанудан бас тарта бастаса немесе қызуы көтерілсе, уақыт жоғалтпай дәрігерге қаралған жөн. Өйткені, кей жағдайда стоматит басқа инфекциялық аурулардың белгісі болуы мүмкін. Дәрігер диагноз қойып, дұрыс ем тағайындайды. Стоматиттің алдын алу – ата-аналардың қолында. Баланың тазалыққа, дұрыс тамақтануға, денсаулығын күтуге деген әдеттерін ерте жастан қалыптастыру арқылы стоматиттен ғана емес, басқа да көптеген аурудан қорғауға болады. Бастысы – бұл кеңестерді күнделікті өмірде ұстану және балаңызға қамқор болу», – дейді дәрігер Дастан Бақытұлы.



TAVI

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСІ

Алматыда қолданыла бастады

Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ф3И-да еліміздің интервенциялық кардиологтарының қатысуымен, Испанияның Хосе Ф.Диас Фернандес және Австрияның Аурель Тома сияқты білікті мамандарының жетекшілігімен төрт адамға күрделі ота жасалды. Олардың ішінде 84 жастағы науқас та бар.

Дәлірек айтсақ, Алматыда алғаш рет науқастарға инновациялық TAVI әдісімен, дәрі-дәрмекпен қапталған баллондарды қолдану арқылы өздігінен кеңейетін клапан орнатылды. Клапанның артықшылықтары – қауіпсіз операциялар жасауға, ең жақсы клиникалық нәтижелерге қол жеткізуге және пациенттің өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Екінші шеберлік класының қатысушылары коронарлық артериялардың зақымдануының күрделі жағдайларын емдеудің озық әдістерімен танысудың бірегей мүмкіндігіне ие болды. Дәрі-дәрмек шығаратын баллондарды қолдану көрсеткіштерін кеңейту – жетекші интервенциялық кардиологиядағы трендтердің бірі. Егер бұрын олар негізінен рестеноздар үшін қолданылса, бүгінгі күні жақсы клиникалық нәтижелер беретін созылмалы окклюзиялар үшін тиімді қолданылады. Әлемдік медициналық зерттеулердің кейінгі нәтижелері кейбір жағдайларда коронарлық стентсіз жасауға болатынын көрсетті.

ТӘЖІРИБЕ

БӨБЕКТЕР БОЛАШАҒЫ

халықаралық семинарда талқыланды

Алматының №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында «Балалардағы жаңа туған кезеңдегі эпилептикалық жағдайлар» тақырыбында халықаралық Орталық Азиялық мастер-класс өтті.

Іс-шара Еуропалық балалар неврологтары қауымдастығының (EPNS) қолдауымен «Ми саулығы» жаһандық ұранымен неврологиялық көмекті жақсарту бойынша ДДСҰ салааралық жоспары аясында ұйымдастырылды. Семинарға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан және Ресейден келген мамандар жиналып, балалар эпилепсиясымен күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын талқылады.

«Іс-шараның негізгі мақсаты – балалар неврологиясы және эпилептология саласындағы мамандардың теориялық, практикалық және клиникалық деңгейін арттыру. Негізгі назар неонаталдық және эпилепсияның өзекті диагностикалық алгоритмдеріне, терапия мен бақылаудың жаңа тәсілдеріне, басқа пароксизмальды жағдайлармен дифферен-

циалды диагностикаға және пациенттерді емдеудің көпсалалы әдістеріне аударылады», – дейді №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының директоры Марат Рабандияров.

Эпилепсия – балалардағы ең көп таралған неврологиялық аурулардың бірі. Әсіресе, жаңа туған сәбилер мен кішкентай балаларда көп кездеседі, тырысу мидың зақымдануының алғашқы және маңызды көрінісі болып табылады. Осы жаста эпилепсияны ерте анықтау, нақты диагностика және уақытылы емдеу баланың дамуының болжамына күрт әсер етуі мүмкін. Қазіргі заманғы медицинада эпилепсияны бақылаудың кең ауқымы – дәрілік терапиядан хирургиялық әдістерге және диеталық әдістерге дейін бар.

Алматы қаласындағы эпилепсиямен ауыратын балаларға кешенді көмек Қазақстан–Ресей медицина университетінің невропатолог, эпилептолог, нейрофизиолог, нейрохирург, бөлімше қызметкерлерінен құралған тәжірибелі көпсалалы командасы бар жетекші мекеме – №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында көрсетіледі.

АҚПАРАТТЫҚ НАУҚАН

ЖҮКТІЛІКТІ ЖОСПАРЛАУ

МАҢЫЗДЫ

ДДСҰ бүгіннен бастап ана мен нәресте денсаулығының мәселелері бойынша бір жыл бойына ақпараттық науқан жариялады. Осы тұрғыда, Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ф3И №2 терапия бөлімшесінің меңгерушісі, ревматолог Майса Қалықованың «Жүктілік және ревматологиялық аурулар: пациент нені білуі керек?» туралы кеңесін ұсынамыз.

Жүктілік – бұл маңызды гормоналды және иммундық өзгерістермен қатар жүретін физиологиялық жағдай. Жүктілік кезінде ревматологиялық аурулар асқынуы мүмкін және акушер-гинекологтардың да, ревматологтардың да ерекше бақылауын қажет етеді.

Ревматологиялық аурулар – бұл иммундық жүйе дененің өз тіндеріне, әсіресе буындарға, теріге, бүйрекке және басқа органдарға «шабуыл жасайтын» аурулар. Оларға жүйелі қызыл жегі, ревматоидты артрит, анкилозды спондилит, псориазды артрит,

антифосфолипидтік синдром, Шегрен синдромы және т.б. жатады.

Ревматологиялық аурумен ауырған кезде жүкті болу мүмкін бе?

Мүмкін, бірақ жүктілікті жоспарлау керек. Ревматологиялық аурулары бар көптеген әйел, егер ауру ремиссия сатысында болса, ана бола алады (белгілері айқын емес; қауіпсіз дәрі-дәрмектер таңдалғанда және дәрігер жүктіліктің барысын бақылағанда).

Жүктілікке қалай әсер етеді?

Бұл белгілі бір ауруға байланысты, мысалы, жүйелі қызыл жегі және антифосфолипидтік синдром асқыну қаупін арттыруы мүмкін: қысымның жоғарылауы, мерзімінен бұрын босану, ұрықтың дамуының кешігуі. Ревматоидты артрит жүктілік кезінде симптомдармен жиі төмендейді, бірақ босанғаннан кейін нашарлауы мүмкін. Антифосфолипидтік синдром түсік түсіру және тромбоз қаупімен байланысты. Дұрыс емделгенде қауіп азаяды.

Кейбір антиденелер болашақ баланың жүрегіне әсер етуі мүмкін, сондықтан оларды алдын ала тексеру маңызды.

Жүктілікке дейін емдеуді өзгерту керек пе?

Иә, ревматологиялық ауруларда қолданылатын кейбір препараттар нәресте үшін қауіпті болуы мүмкін. Дәрігермен кеңесусіз дәрі-дәрмектерді қабылдауды тоқтатпау маңызды.

Жүктілікке қалай дайындалу керек?

– Ревматологпен кеңесу қажет – жүкті болуды қашан жоспарлау керектігін талқылаңыз.

– Тексеруден өтіп, талдаулар тапсырыңыз.

– Аурудың ремиссия кезеңінде кем дегенде 6 ай екеніне көз жеткізіңіз.

– Қауіпсіз емдеуді таңдаңыз.

– Ықтимал қауіптерді «жоғары қауіпті» жүктілікке маманданған акушер-гинекологпен талқылаңыз.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.**



«АМЕРИКА АШҚАН ҚАЗАҚТАР»

мұхит асқан мұрағатты іздейді...

Жақында журналист, ақын Дүйсенәлі Әлім-Жақынның «Америка ашқан қазақтар» атты жаңа кітабы жарық көрді. Бұл еңбек – автордың «Болашақ» бағдарламасы аясында Вашингтон университетінде тағылымдамадан өтіп, АҚШ архивтерінде жүргізген ғылыми ізденістерінің жемісі. Онда америкалық кітапханалар мен мұрағаттарда сақталған, қазақ халқы мен тарихына қатысты құнды мәліметтер топтастырылған. «Америка ашқан қазақтар» кітабы туралы автордың өзімен тілдесудің сәті түскен еді. Сұхбат барысында қызықты жайттармен бөлісіп, тың деректердің қалай табылғанын және бұл еңбектің маңызын айтып берді.

«Болашақ» – жауапкершілік және парызым


– «Америка ашқан қазақтар». Кітаптың атауы ерекше әрі қызықты екен. Мағынасы қандай? Бұл еңбекті жазуға не түрткі болды?

– «Сөз қадірін – өз қадірім» деп білген ата Қазақ жылт еткен жақсы жаңалыққа қуанып, сүйінші сұрасқан. Ал кейін келе ел арасында бірер жаңалық болса, «Америка аштың ба?» дейтін тіркестер пайда болды. Бұл дегеніміз, «қандай жаңалығың бар?» дегеннің қазақы әдеби түрі болса керек. Бұл кітаптың атауы «мен жаңалық аштым» дегендік емес, еліміз туралы Америка кітапханаларында, архивтерінде жақсы жәдігерлер, құнды деректер бар екен дегенді білдіреді. Яғни поэтикалық атау деп түсінген дұрыс. АҚШ-та жүргенімде, қазір жұмыс істеп жатқан «Егемен Қазақстан» газетіне мақалалар жіберіп тұрдым. Сол мақалаларды газет басшылары ақылдаса келе «Америка ашқан...» деген айдармен жариялады. Аталған газеттің Бас редакторының орынбасары, жастардың жанашыры Талғат Батырхан ағамыз «бұл айдарды мен қойғанмын» деді. Ал мен осы кітапты баспаға ұсынарда, ол кісінің алдынан өтіп, кітап атауын «Америка ашқан қазақтар» деп қоятынымды айттым, Талғат ағамыз сүйінішін білдірді.

Ал енді бұл кітапты жазуға не түрткі болды деген сұрақ маған жиі қойылады. Анығында, мен бұл тақырыппен сонау 2018 жылдан бері айналысамын. «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-қа оқуға барғанымда, өзіме мақсат қойдым. Америкада жүргенімде бір жыл болса да уақытты зая кетірмей, өзіме жүктелген жауапкершілікті сезіндім. Мемлекетіміз соншама қаржы бөліп, бізді шетелдің беделді университеттеріне оқуға жіберді, енді ел сенімін ақтап, мемлекетімізге титтей де болса пайдасын тигізетін шаруа істейін деген ізгі мақсатта жұмыс істедім. Менің түсінігім бойынша, «Болашақпен» оқу – ел аралап, жер көріп, Көк Ту жамылып, әр қалада суретке түсу емес. «Болашақпен» оқу – осы бақыт басына бұйырған азаматтың жауапкершілігін, сенімін, елге игі істер істеу ниетін таразыға салатын іс. Мен осылай ойладым. Сол үшін «Америка ашқан қазақтар» кітабын Америкада бастап жаздым.

– Қандай оқиғалар мен кейіпкерлер қамтылған? Жазу барысында қандай дереккөздерге сүйендіңіз?

– Бұл кітапқа сонау 1803 жылы жарық көрген «Ресей империясындағы халықтардың киім мәдениеті» деген жазбадан бастап, Мұхтар Әуезовтің АҚШ-қа сапарына дейінгі кезең қамтылған. Кітапқа енген әр



деректі таңдап алып, әр мақаланы оқырманға түсінікті етіп жазуға тырыстым. Негізі, менің қоржынымда Америка кітапханалары мен архивтерінен алған ұлтымызға қатысты деректер өте көп. Оның бәрі бір кітапқа сыймайды. Ал жақында шыққан бұл кітап менің зерттеу тақырыбымның алғашқы нәтижесі. Батыс әлемі Орталық Азия елдерін, оның мәдениетін, тарихын кезең-кезеңімен зерттеген. Олар үшін осы аймақтағы түркі мәдениеті, сан ғасырлық қым-қуыт тарих пен алуан түрлі мәдениет пен діннің тоғысуы, Ресей империясы одан кейінгі Кеңес Одағының әртүрі саяси жүйемен түркі халықтарына жүргізген саясаты, бәрі-бәрі оларды қызықтырғаны анық. Кітапқа енген «Арынғазы сұлтанның ауылына келген неміс ғалымы», «Есет Көтібарұлы Батыс зерттеуінде», «Шотланд жиһангезінің қазақ ауылындағы сапары» сынды мақалалар біздің кейбір ұмытылған, тарих бетіне жазылмай қалған сәттерімізді қайтадан өзімізбен қауыштырады.

«Қазақ» атауы: жүректі толқытқан жаңалық

– Сізді ерекше таңқалдырған деректер болды ма?

– Әр деректі тапқан сайын балаша қуанған сәтім есімде. Себебі, біздің халық өткен немесе одан арғы ғасырларда, тіпті одан кейін де көптеген жәдігерін жоғалтып алды. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың басынан не өтпеді дейсіз? Ал қазақтың тарихына, мәдениеті мен әдебиетіне қатысты деректерді Батыс білгірлері өз жазбаларында жазып кетсе, оның өзі біз үшін құндылықтар қатарында. Мысалы, бірде Вашингтондағы Гельман кітапханасында каталогты ақтарып отырып, британдық журналист, қаламгер Ральф Фокс-

тың «Дала халықтары» атты кітабын кездестірдім. Автор осы кітабына «Қазақ болмысы» деген тарау қосыпты да, халқымыз туралы көптеген деректер жазыпты. Өзіңіз білесіз, солақай саясаттың кесірінен кезінде біздің ұлтымызды «Қырғыз», «Қырғыз-қайсақ» деп ағат таңбалап жүрді. Бұл үрдіс арыдан бастап 1923–1925 жылға дейін жалғасты. Ал сонау ағылшындар еліндегі Ральф Фокс 1923-1924 жылдары жазған кітабында қазақты өзінің төл атауымен «Қазақ» деп жазады. Осыны алғаш көргенімде, қатты толқыдым. Сол сәтті бастан өткерген адам ғана ондай сезімде болары шындық. Демек, адамның сана-сезімі де өзінің айналысып жүрген ісімен жымдасып, соған бейімделіп кетеді екен.

Бірде Джордж Вашингтон университетіндегі жетекшім Питер Роллбергке барып, сонау 1938 жылы Гарвард университетінде қорғалған қазақ туралы диссертацияның алғашқы басылымын көрсеттім. Жетекшім өзі үлкен профессор болса да, менің бұл қадамыма сүйінішпен, біртүрлі жылылықпен қарады. Сол ғылыми жұмысты алып, парақтап көрді де: «Мен осында қаншама жыл жұмыс істеймін, бірақ америкалық профессордың қазақ туралы мұндай құнды дүние жазғанын білмейді екенмін, мұның ішінде сенің халқыңның тарихының кейбір беті ашылмаған тұстары бар болуы әбден мүмкін, жақсылап зертте» деген жақсы лебізін айтты. Осындай толқытын сәттер өте көп. Мен тек есіме түскендерін ғана айтып отырмын.

– АҚШ архивтеріндегі зерттеуіңіздің өз қиындықтары да болған шығар?



– Менің қолыма түскен көптеген кітаптардың электронды нұсқасы болмағандықтан, олармен тек қағаз, кітап нұсқасымен ғана жұмыс істеуіме тура келді. Сол үшін әр кітапты кітапханадан үйге алып, асықпай оқуды жөн санадым. Көліксіз жүрген мен ауыр томдарды кітапхана мен метроның арасына сөмкеге салып алып, көтеріп барып жүрдім. Сол сәтте мен бұл уақытша әрі мағыналы шаршау ғой деп өзіме дем беретінмін. Сонымен бірге, мен бір жыл ішінде тек Вашингтон қаласындағы кітапханаларды араладым. Ал өзге штаттардағы кітапханалар мен архивтерге баруға қаржылық жағдай жар бермеді. Осы зерттеуімнің маңыздылығы мен оның елімізге берер пайдасын айтып, сол кезде құзырлы орындарға, лауазымды тұлғаларға хат жазып, көмектесуін сұрадым. Бірақ нәтижелі жауап болмады.

– Бұл еңбегіңіз АҚШ кітапханаларында сақталған қазаққа қатысты деректермен ерекшеленгенін айтасыз. Қазаққа қатысты деректердің маңызы неде?

– АҚШ кітапханаларында сақталған ұлтымызға қатысты деректердің маңызы – жаңа тарихи көзқарас орнатуға, кейбір жеке тұлғалардың өміріне, тарихи оқиғалардың шынайылығына баға беру. Мен әр деректі жариялаудан бұрын оның бұдан ілгері елімізде жарыққа шыққан-шықпағанын тексеремін және осы салаға қатысты кей мамандардан кеңес сұраймын. Ал кітабыма енген деректер еліміз үшін жаңа тарихи деректер болып жатса, онда менің жыл бойы көз майым таусылып, қос иығым талып алпауыт елдің әдемі кітапханаларында текке отырмағаным.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлжанат СЕМБАЕВА.





ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

Нұрсұлу ӘУБӘКІРОВА:

КӨЗІМНІҢ ТІРІСІНДЕ 10 ТОМДЫҒЫН ШЫҒАРЫП КЕТСЕМ ДЕЙМІН...

Қазақ сатирасын шырқау биікке көтерген екі адам болса, соның бірі де, бірегейі де – Оспанхан Әубәкіров екені даусыз. Оған өзін шәкірт санаған белгілі сықақшы Сейіт Кенже-ахметов: «Оспанханның күлкісі – халық күлкісі. Бір адам жазушы болса, Оспанхандай-ақ болсын. Бір адам азамат болса, Оспанхандай-ақ болсын!» деп жазғаны бар. Сол сияқты, көрнекті сатирик Көпен Әмірбек те қаламынан туған дүниенің барлығы ел-жұрттың көңілінен шыққан ағасын ұстаз тұтып, оны ащы шындықты ашып айтып, жұртты жылатам, мұңайтам деп отырып, қалай күлкіге қарық қылғанын өзі де байқамай қалатын хас шеберге балағаны белгілі. Өкінішке қарай, көрнекті сатирик нағыз ердің жасында өмірден өтті. Бірақ артында халықтың рухани қазынасына айналған мол мұра қалды.

Өмірлік жары Нұрсұлу апай консерваторияда вокалдан 30 жыл сабақ беріп, сол жерден зейнеттік демалысқа шықты. Одан кейін де 22 жыл «Мектеп» баспасында корректор болды, жасы 75-ке келгенше жұмыс істеді. Міне, 40 жыл бойы шаңырағының отын маздатып, әулет ұйытқысы болумен қатар, Оспанхан ағаның шығармашылығына да үлкен жанашырлық танытып келеді. Қолы тиген дүниелерін, кітаптарын көзінің қарашығындай сақтай отырып, жазған-сызған, әлі жарық көрмеген дүниелерін де тірнектеп жинау үстінде. Бүгінде жасы 88-ге таяған ардақты апамызбен әңгіме барысында біз оның Оспанхан ағамен бірге өткізген ғибратты ғұмырына аз-кем ой жүгіртуге тырыстық.



Әнді дауысымен емес, жанымен жаңғыртып айтатын

– Студент кезден қандай оқиғалар есіңізде қалды?

– М.Горький атындағы саябақта «Родина» деген кинотеатр бар еді. Сенбі, жексенбі күндері ылғи үнді киноларын көрсететін. Алдындағы алаңда дискотека болады. Үнемі сонда баратынбыз. Жылдам билейтін фоксрот деген би болды. Екеуіміз де биді жақсы көретінбіз.

Консерваторияда «Ақтер» деген қабырға газеті шығатын. Бәріміз таласа-тармаса оқитынбыз. Оспанхан әркімге арнап әзіл, пародия, эпиграммалар жазатын. Ұмытпасам, Асанәлі сол газеттің редакторы болды ғой деймін. Кейіннен: «Оспанханға «өйтіп жаз», «бүйтіп жаз» деп ақыл айтушы едім. Ол быдықтың классик болатынын қайдан білейін!» деп күліп жүретін.

– «Быдық» демекші, өзі бір сұхбатында «Кино және драма актері» деген табақтай дипломым бар, бірақ әртіс бола алмадым. Әртіске керегі бой екен, бойым болды. Ой екен, ойым болды. Ажар, көрік, шырай екен, онысы да болды. Сөйлеген сөз мірдің оғындай болуы керек екен... Мұғалімдерім де байқамапты, өзім де байқамаппын, бұл не болды деп қарасақ, мен сөзімді адам түсінбейтін быдық екенмін. Төрт жыл оқыған оқу зая кетті де, мен сол быдық күйімше қалып қойдым» дегені бар екен...

– Бірақ ән салғанда ол білінбейтін де. Жамал Омарованың концерті көп жүргізді. Жамал апай: «Оспанның быдықтығы сатирасына сай қосылып, тіпті әдейі солай қолқандай көрініп, жарасып тұрады» деп қолпаштап қоятын.

– Шынымен де, Оспанхан аға жас кезінде әнді жақсы айтқан деседі...

– Иә. Ол ән айтқанда микрофонды қажет етпейтін де. Әнді дауысымен емес, жанымен жаңғыртып айтатын. Әсіресе, халық әні «Гауһартасты» нақышына келтіре орындайтын. «Ажарың ашық екен атқан таңдай» деп ән салғанда тура ғашық адамның образына кіріп кететін. «Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң» дегенде езуіне күлкі үйірілетін. «Ырғаң-ырғаң! Неткен образ!..» деп сүйсінетін. Соның әсері ме, кейін өзінің сатирасында «апай-топай, шақыр-шұқыр, даңғыр-дұңғыр, көди-сөди, бықи-тықи» деген сөздер пайда болды.

Екеуіміз бір жылдай жүріп, үйлендік. Оспанхан пәтер жалдап, үй ішіне айтқып, бәрін келістіріп қойыпты. Әке-шешесі, бауырлары, бәрі келді. Екеуіміздің де жора-жолдастарымызды шақырып, аулаға шағын дастархан жасадық. Өзім жұмыс істейтін хор капелласының бір топ әншілері, сондай-ақ Райымбек Сейтметов, Асанәлі Әшімов, Раушан Әуезбаева, Мә-

риям Жақсымбетовалар ақ тілек айтты. Сөйтіп, біз 1957 жылы 12 қыркүйекте отау құрдық. Ол кезде Оспанхан 23-те, мен 20-да болдым. Мені сыртымнан көрген енем: «Кіп-кішкентай ғой. Өзі үйленуге болатын жаста ма екен?» деп таңқалыпты. Ол кісі сөзге шешен, талай айтыстарға қатысып, жеңген екен. Соған қарап өзім: «Өнер оған анасы жағынан келген екен ғой» деп ойлады.

Қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қатты ұстанатын

– Аға екеуіңіздің қандай ұқсастықтарыңыз болды?

– Екеуіміздің туған күніміз қатар: Оспанхан 4 мамырда дүниеге келіпті, мен 5 мамырда туыппын. Екеуіміз де бозқарағанды жақсы көретінбіз. Менен гөрі, Оспанханның жасаған тағамы дәмдірек болатын. Мейірімділігі сондай, ол маған үй шаруасына да көмектесе беретін. Біз екі баламен 6 жыл пәтерде жүрдік. Содан кейін барып қана кезекке тұрып үй алдық. Кенже баламды 11 жылдан кейін көтердім. Ағаң өте кішіпейіл, ақжарқын адам еді. Балаларды қатты жақсы көрді. Қайда барса да, бәріне әдейілеп сыйлық алып келетін, бәрін қуантқысы келіп тұратын. «Берсең, балаға бер. Ол ешуақытта ұмытпайды» деп айтатын. Адамгершілігі мол болатын. Өзі менен 3-ақ жас үлкен болса да барынша қамқорлық көрсетіп, сондай бір жанашырлықпен, аяушылықпен қарады.

Маған көп өлең арнады. Ата-енеге қалай қарау керек, елмен қалай сыйласу керек, бәрін айтып, үйретіп отыратын. «Келген қонақты сыйла, дастарханға барыңды қой. Қабағыңды түйме. Барымен базар боламыз. Дайындығың болмаса оны келген адам да түсінеді» дейтін. Қай жағынан болса да, Осекеңнің тәрбиесін көп көрдім. Ұрсып та айтпайтын. Жайлап қана түсіндіретін. Қазақтың салт-дәстүрін әдет-ғұрпын іштей қатты ұстанатын. Дастархандағы нан қоқымын тастатпайтын. «Бай боласың» деп балаларға жегізіп отыратын.

– Қадыр Мырза-Әлі бір естелігінде Оспанхан аға туралы: «Ол тек үстел басында отырып қана жазбайтын. Үнемі жазу үстінде болатын. Ылғи бір нәрсені ойлап, өзінен-өзі күліп бара жататын» деген екен.

– Үнемі ой үстінде, ізденісте жүргені рас. Өзі үйде бәрі тып-тыныш болғанда ғана жазуға отыратын. Үстелдің үстін түгел жинатып тастайтын. Мен оған айран қосып, қаймақ қосып, тарыдан көже пісіріп қоятынмын. Жазу жазғанда тек қана көже ішетін. Бірдеңе жазып отырып, қай уақыт екеніне қарамастан өзі қарқылдап күлетін. Сосын ішіне сыймай кетеді де, мені оятады, ол түн ортасы ма, таң атып келе жатыр ма, ештеңеге қарамайды. Мен ренжимін өйткені шаршаймын ғой, бір жағы – жұмыс, бір жағы – балалар бар. Сонда да қоймайды: «Мен қызық бірдеңе жаздым, сен жай ғана тыңдашы», – дейді. Сөйтіп, оқып береді, ақырында екеуіміз қосыла күлеміз. Ертеңіне қазақ көршілеріміз: «Түнде қатты күлдіңіздер ғой, аға тағы да бірдеңе жазды ма?.. Әңгімелеріңізді көбейтіп, бізге де беріп тұрсаңызшы, оқиық» дейтін. Сондай жағдайлар көп болатын.

Біздің үйдің есігі үнемі ашық тұратын. Өте көпшіл еді. Тіпті, іссапардан келе жатып та пойызда танысқан, күпеді бірге болған адамдарды ертіп келетін.

– Ағаның қолжазбаларын қаттап, реттеп, жинастырып қойыпсыз. Баспаға дайындап жатқан сияқтысыз...

– Ағаның бұрын жарық көрген 20 шақты кітабы бар. Оспанхан поэзия, проза, драматургия, фантастика сияқты көптеген жанрда жазды ғой. Жасаған аудармалары қаншама! Қыз бен жігіт айтыстары, көп дүниелері әлі шықпай жатыр. Ендігі арманым да, тілегім де – сол кітаптарға қосылмаған, баспа жүзін көрмеген шығармаларын жинақтап, көзімнің тірісінде 10 томдығын шығарып кетсем деймін. «Үкімет тарапынан қолдау көрсетілсе» деп, министрге бір емес, екі рет өтініш жазғам. Жауабын күтіп отырмын. Бүгін бар адам ертең жоқ, енді қанша жүрерімді бір Құдай біледі. Мен болмасам, бұл шаруа балалардың қолынан келмейді...

Роза РАҚЫМҚЫЗЫ.

Алматы көшелерінде алманың иісі бұрқырап тұратын

– Нұрсұлу апай, әңгімені өзіңізден бастасақ, балалық шағыңыз қалай өтті? Алматыға қашан, қалай келдіңіз? Оспанхан ағамен ең алғаш қалай таныстыңыздар?

– Мен Солтүстік Қазақстаннанмын, ауылымыз Қостанайға жақын. Әлі есімде, өңірге алматылық мамандар келді, олар бүкіл Қазақстан бойынша талантты балаларды музыка мектебіне жинап жүр екен. Музыкаға қабілетім жақсы еді, скрипкамен үйренген өлеңдерімді, орындап бердім. Өнерім ұнаса керек, басқа балалармен бірге мені де өздерімен алып кетті. Алматыға келгеніме қатты қуандым.

Сөйтіп, 5-сыныпты Алматы қаласындағы №12 мектептен оқи бастадым. П. Чайковский атындағы музыка мектебінде жатып, соның сабақтарын, ал №12 мектепте жалпы білім беретін пәндерді оқыдым. Интернатта тәртіп күшті болды, сабақты жақсы оқуың керек. Кім нашар оқыса, кәсіби жағынан жарамсыз болса, ештеңеге қарамай, шығарып жіберетін. Екі жақтан да үлгеру керек. Шығарып жіберсе қайда барып жатасың, қалай күн көресің?! Содан бар күшімізді салып оқыдық. Интернат қыста қыстық киім, жазға қарата жаздық киім беріп тұрды.

Шаһар ол кезде керемет болатын. Қазіргідей қаптаған көлік жоқ, бірен-саран ғана машина, онда да үлкен басшылар ғана мінеді. Сәнді, әдемі қала. Алматы көшелерінде алма ағаштары гүлдеп, алманың иісі бұрқырап тұратын. Тауда алманың түр-түрі өсетін. Бізді жылда алма теруге апаратын. Барған сайын сөмкелерімізді толтырып, алма алып қайтатынбыз. Болашақ мәдениет қызметкерлері деп, бізді көрнекті жерлерге, тарихи орындарға қыдыратын.

Музыка мектебін скрипка бойынша бітіріп, консерваторияға вокал бөліміне түстім. Ағаңмен сонда таныстым. Ол Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Үшбұлақ ауылында туған. Қарақастектен онжылдықты бітіріп, театр институтына түскен. Оны бітіріп, ара қарай өзін түгелдей сатираға арнады ғой. Ол кезде консерваторияда Мәскеуден, Ленинградтан келген музыканттар өте көп еді. Менің

педагогым Воробьев деген орыс болды. Ауылдан орысша оқып келгенмен, №12 мектепте қазақша оқуыма тура келді. Бастапқыда өте қиын болды. «Басқа түссе баспақшыл» демекші, мәжбүрлік бәріне үйретеді екен. Ақыл айтатындай, жаны аштындай, Алматыда бір туысқаным, бір танысым болған жоқ. Өзіңе өзің жауап бересің, өзің тырысасың. Сөйтіп жүріп хор капелласына жұмысқа тұрдым. Өйткені, стипендия тамаққа да, киімге де жетпейді, өте аз болды. Хор капелласының жетекшісі Галина Евгеньевна Виноградова Мәскеуде ГИТИС-те сабақ берген, өте тамаша адам еді. Мені тыңдаған соң: «Сіздің дауысыңыз – лирикалық-драмалық сопрано, бұл – өте сирек кездесетін дауыс» деп, 60 сом айлықпен жұмысқа қабылдады. Қуанып кеттім. Бір жағынан, аз-маз стипендиям бар.

Сөйтіп, Воробьевтан оқып жүрдім. Ол маған тапсырма береді, үйретеді, тексереді. Сабақ өтіп жатқан сондай сәттердің бірінде Оспанхан дәлізде бізді тыңдап тұрыпты. Аудиториядан шыққан кезімде «Жаңағы ән айтқан кім?» деп сұрады. «Мен» дедім. «Даусыңыз жақсы екен» деді. «Құдайдың бергені ғой» дедім. Сөйтіп, жай ғана сөйлестік те кетіп қалдық. Ол да Сибирская 35-те, жатақханада тұрады екен. Анна Егоровна деген комеданттымыз болды. Жатақханамыз «Қазақстан» кинотеатрына жақын, кәдімгі жер үй болатын. Бөлек-бөлек бөлмелер. Кішкентай пешіміз бар. Отынымызды, көмірімізді береді, өзіміз жағамыз. А.Әшімов, С.Оразбаев, Р.Әуезбаева, барлығы сонда тұрды. Абай даңғылының бойындағы жатақхана кейін салынды.

Сонымен, не керек, бір күні Оспанхан біздің бөлменің есігін қақты. Қасымдағы пианист қыз шығып: «Кім керек?» десе: «Ана қыз керек» деп мені нұсқапты. Сонда атымды да білмейді. Оның алдында Қалдаяқовтан: «Мына бір қыз кім, білесің бе?» деп сұрапты. Шәмші біздің студенттердің ішіндегі ең жасы үлкені болатын. «Білмеймін, қазақша сұрасаң орысша жауап береді, өзі бір қызық қыз, орыс шатыс қой деймін» депті Шәмші. «Түрі – қазақ қой» депті Оспанхан. Сонда: «Бұған үйленсең, саған аудармашы қажет болмайды» депті Шәмші. Сөйтіп, танысып, араласып кеттік.

АЗАТ АҚЫЛ МЕН САНА ҚУАТЫ

Қазақ сахнасында классикалық дүниелерді жаңаша «кейіптеуге» қатысты бірер сөз

Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік музыкалық драма театрында «Дон Кихот» трагикомедиясын тамашаладық. Осы орайда айтарымыз, әсілі классикалық дүниелерді бүгінгі заман «жаңғырығымен» үндестіремін деп, оларды жаңаша «кейіптеуге» тырысу, біздіңше, ағаттық. Себебі, классиканың артықшылығы да сонда, оларда көтерілетін адалдық пен арамдық, әділет пен әбілет адам баласы үшін мәңгілік мәселелер болып табылады және сонысымен де құнды. Демек, классиканы заманауи көрсетемін деп, өзгерістер енгізу – әрқашан жаңа, яки ешқашан «ескірмейтін» дүниеге «жамау» жапсырғандай әбестік. Бұл, әлбетте, қазақ сахнасында заманауи дейтін көзқараспен қойылып жүрген барлық классикалық асыл мұраға қатысты мәселе.

Білмекке құмар қасиет

Соңғы жылдары қыс маусымын Семейде өткізу Абайдың әдетіне айналып еді. Қалада тоқтайтын үйі Әнияр Молдабаевтың екі қабатты, еңселі баспанасы. Осының жоғарыдағы кең бөлмесі дәйім ақынның келген кезіне дайын тұрады. Жерлес азаматтың үй сатып алуына өзі бас болып, ұлдары қостап, ақшалай жәрдемдескендері жұртқа мәлім.

Күндізгі уақыты көбінесе кітапханада өтеді. Тек кешкісін жақын жуықпен үйде кездесіп, аз ғана мәжілістес болады. Бұдан соң, басы қашан жастыққа тигенінше оқыған-тоқығанынан ой қорытып, қаламы қолынан түспейді. Осыны білетіндер ел ағасына көбінесе кешкі шайдан кейін жолығысады. Шұғыл шаруасы барлар ғана кітапханаға іздеп барады.

Әкесі Құнанбай бозбала жас-тан елдің қызметіне «жегіп», білігіне жүгінген жұрттың оған разы екеніне семейліктер біршама қанық. Орыс зиялысы Михаэлиспен кездейсоқ таныстық та «білмекке құмар, үйренуге тоймайтын» қасиетінің арқасы еді. Евгений Петровичке де өзінен 6-7 жас қалыс азаматтың алғыр мінез-құлқы, адамға сергек көзқарасы жағымды.

Ол ұсақ-түйек, еспе сөзден аулақ, әдебиет пен мәдениет, білім мен ғылым жайына қызығатын ақынға іш тартып тұрады. Өзара емен-жарқын әңгімеден бойының сергіп қалатынын байқайды. Семейде болған кезінде оның кітапханаға күн аралатпай келетінін де біледі. Михаэлис орыс пен Еуропа әдебиетінің жаңа шығармаларын үзбей оқып, қадағалап отырады. Сондықтан зиялы қауым бас қосқан ортада ақын-жазушылардың тың туындылары туралы айтуға бейіл. Бірақ сөзіне ықылас қоятын тыңдаушысы азырақ. Әйтеуір осы бір қазақ азаматы жаңағы олқылықтың орнын толтыра түскендей

еді. Ақынның қалада болғанында, оны ұзағырақ көрмей қалса, іздеп тұратын әдет табады.

Поэзияға деген ықылас

Пушкин мен Лермонтовтың поэзиясы жайында сөз қозғалғанда, Абайдың жүзі жадырап сала береді. Соған орай ұнатқан ақындарының шығармаларын да тәп-тәуір біледі. Орыс досы поэзияға деген ықыласын байқаған соң, оны Некрасов пен Крылов, Белинский мен Гоголь және басқаларымен «таныстыруға» ынта қояды.

Қазақ ақынымен әдебиет туралы әңгіменің ара-арасында ол тұрғылықты қарапайым халықтың тіршілігін жақынырақ біле түсуге құмар. Өз тұсынан орыс шаруасы мен жұмысшысының ауыр тұрмысын тілге тиек етеді. Михаэлис, тіпті қазақ пен орыстың бай-бағыланы мен жарлы-жақыбайының қал-жайы туралы айтқанында шешен болып кететіндей. Алайда, екеуі саясат жайлы әңгімені, өзара келісіп алғандай, көпке созбайды. Біріне-бірінің зияны тиіп кетуінен сақтанады. Әділет пен шындыққа жету түгілі, бұл туралы сөз қозғаудың зардабын саяси көзқарасы үшін жер аударылған орыс досы бір кісідей-ақ біледі. Надандықтың кесепаты, болыс мен бидің өктемдігі туралы сөзге де таңданбайды. Сондықтан жандарына бата-тын мәселеден бой тартып, әдебиет пен мәдениет жайында кең отырып, ой бөліседі. Абайдың, әсіресе, Шығыс әдебиетінің Фирдоуси, Науаи, Физули секілді атақты шайырлары туралы әңгімесі құлағының «құрышын» қандырады. Оның жақсы өлең жазуға деген арманына, оқу мен білімқұмар мінезіне қайран қалады.

Ал ақынның Михаэлиспен достықтан тапқан тағы бір олжасы – дәрігер Нифонт Долгополов, заңгер Северин Гросс, суретші Павел Лобановскиймен танысуы болатын. Бәрі де үкіметке қарсы саяси көзқарастары үшін жер аударылған азаматтар. Олардың, әсіресе, қандастарына маман ретіндегі көмегі үшін риза, әңгімелері де жағымды.

Адамдық қарызы

Жаңа достарының адамның ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамастан замандасқа деген адамгершіл көзқарастарына Абай тәнті болады. Жеке бастарының пайда-сы үшін ел ағасы дейтін кейбіреудің ру-руға бөлініп, бір «уыс» қазақты қырқыстырып қоятыны жанына батады. Бұған Алланы және адамды сүйген әділетті жан қалайша шыдамақ?!

Орыс зиялылары ұстанымының бағзы замандардан бергі ғұламалардың адам бақытын дәріптеген ұлағатымен үндес екеніне хакімнің көзі жете түседі. Әбу Насыр әл-Фараби айтпақшы, «адам өмірге бақытты болу үшін келеді» екен. Демек, зиялы азаматтың адам бақытына қамқор болып, қажыр-қайрат танытуы адамдық қарызы екені кәміл. Ой-толғанысын «өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деп жады-



(Сурет авторы: Тоққожа Қожағұлов, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі).

на түйеді. Барша замандасты бауыр тұту ақынды ойлантып, мұның адамдық қарызы екенін көңілге тоқиды. Оның үстіне зиялы ортаның әдебиет пен мәдениетке, қазағының салт-дәстүріне деген қызығушылығы жанын жадыратады. Олардың халыққа қызметі мен айтқан әңгімесінен қандастарына пайдалысын ұстап қалып, ел игілігіне асыруға тырысады.

Сөйтіп, Семейде ашылған Бастауыш білім жөніндегі қамқоршылық кеңесіне, өзімен қатар ұлдары Ақылбай мен Мағауия да мүше болады. Өлкетану музейіне тапсырған халқының тұрмыстық заттары кейін ақынның музейін байыта түскені белгілі. Абай секілді білімпазбен сыйластықтың бағасын орыс достары да біледі.

Ақыннан Михаэлистің жасы үлкен екенін жаңа айттық, ал қалған үшеуінің бір мүшел кішілігі бар. Өзі жазған Қарамола ережесінің көшірмесін қолына тігізгені үшін заңгер Гросс ризашылықпен құрақ ұшады. Абаймен және басқа игі жақсымен пікірлесе жүріп, ол «Материалы по юридическим обычаям киргизов» деген еңбегін жариялайды.

Долгополовтың келуін ақынмен бірге айналасы да асыға тосады. Соған орай Нифонт Иванович та ару-сырқауға ем-дом жасаудан еш тартынған емес. Ал Лобановский ақынның суретін салып, оны қаладағы өлкетану музейіне өткізеді. Жаңағы музейге, әсіресе, Михаэлистің қазақтың тұрмыстық

заттарын жинастырып, өткізуге ұйытқы болғанына көңілі толады.

Ұрпақ үшін көзайым мұра

Хакім музейге өткізілген дүниенің кейінгі ұрпақ үшін таптырмас көзайым мұра екенімен іштей келіседі. Алысқа бармай-ақ, Тобықтының Семейде оқуда жүрген балалары көздері қарақты заттарын қаладағы ғимараттың төрінен көргендеріне таң-тамаша болысып, жыр қып айтысады. Ақынның өзі кір сабын, кісе белдіктен бастап алпыстан астам тұрмыстық затты өткізеді.

Ұлы тұлғалардың бай мұрасы туралы сөз бола қалса, ақын достарының жүзінен сол күнге жетуді аңсаған арманды, қоғамды алға тартатын сана қуатын аңғарады. Олай болса, «қазақтың бірінің-біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының... рас сөзі аз болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?..» деген сан сауал сана-сын «тергейді». Оның жауабын да көп ұзатпай табады: «мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан...» көрінеді.

«Ескірмейтін» дүниеге «жамау» жапсыру әбестік

Жаңа достарының әңгімесінен де азат ақыл мен сана қуатын,

адам мүддесін көздеген арманды көріп, шын жүректен сүйінеді. Со-сын «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді-біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз» деп, іштей күйінеді. Осыны көріп, біле тұра қалайша үнсіз қалмақ?! Адам бақытын жырға қосып, оған кедергі келтіретін надандық, талапсыздық, іштарлық пен қызғаншақтық, жалқаулық пен алауыздыққа аяусыз «сойыл» соғады: «...қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма?..».

Михаэлистен естіген әңгімеден шындық пен әділеттің, мейірім мен қатыгездіктің бүкіл адам баласын толғандыратын мәселелер екеніне оның көзі жетті. Хакімнің қолына испан жазушысы Мигель де Сервантестің «Дон Кихот» романы түскен. Қарап отырса, әділеттілік талабы барша адамзаттың зиялысын толғандыратын көрінеді. Серілік романдарға аса құмар Дон Кихот кітаптарда айтылғанның бәріне имандай сенеді. Сондықтан жамандық пен жалғандықты жойып, әлсіздер мен кедейлерді қорғауға аттанады. Оқыған романдарының әсерімен «майдан» ашамын деп, ол небір одағай оқиғаларға тап болып, күлкіге қалады. Жазушы өз кейіпкерінің іс-әрекеттері арқылы қоғам «дерттерін» әшкерелейді. Классикалық шығармалардың артықшылығы да сонда, оларда көтерілетін адалдық пен арамдық, әділет пен әбілет адам баласы үшін мәңгілік мәселелер болып табылады...

Ламанчтық жиһангердің басынан кешкендері туралы орыс досы сүйсіне әңгімелейді. Жазушыға деген ризашылықтан көздері күлім қаққан ол әрбір оқиғаны өзгеше құлшыныспен, қызықтыра баяндайды. Хакім әңгімені тыңдай отырып ақыл-ойы ел ішін шарлап кетеді. Болыс пен билердің халықты алдап, арбап, бұған көнбегенге қылған зорлық-зомбылығы қабырғасына батып, еріксіз қабағы түйіледі.

«Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады» деп ойға батады ақын. Бірақ оқып, тоқыған деген кейбіреудің әділетті белден басқан озбырлығы білімнің үнемі адамдықтың өлшемі бола бермейтінін аңғартады. Ендеше, білік тізгініне көрген-білгені көп, тегі жақсы, елжанды адамның ие болуының жөні бөлек.

Дон Кихот пен Санчо Пансаның бастан кешкен оқиғаларына Абайдың да жаны жадырайды. Хакімнің өзі де «әлсіздің сөзін салғыртсып, қырындап шала ұғатындарды» көріп жүр. Оны адамдық, шындық пен әділет мәселелерінің мәңгілік көкейкесті екені серпілтіп, көкірегінің түбіндегі ойларына сәуле түсіргендей...



Болат ЖҮНИСБЕКОВ, жазушы.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 8 айға – 4907,20 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 8 айға – 10524,96 (қала), 6427,20 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 8 айға – 3147,20 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

БИЗНЕСТІ ЗАҢСЫЗ ТЕКСЕРУЛЕРДЕН ҚОРҒАУ

Бизнесті заңсыз тексерулерден және кәсіпкерлердің конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау прокуратура органдарының басым тапсырмаларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс) қабылдануымен кәсіпкерлік іс-шаралар бойынша бақылауды жүргізу нысаны өзгерді.

Қазіргі жағдайда мемлекеттік органдардың негізгі міндеті – бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Осыған байланысты мемлекеттік органдардың, оның ішінде прокуратураның жұмысы бизнес үшін келеңсіз салдарлар туындатпау мақсатында мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінің жолын алдын ала кесуге бағытталған.

Осы мақсаттар үшін келесі бағыттар бойынша кәсіпкерлерді қорғаудың және бизнесті дамытудың тиімді бағыттары әзірленді:

- бақылау және қадағалау органдарының бизнеске қысымын төмендету;
- қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- бизнесті дамытудағы әкімшілік кедергілерді жою.

Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Конституциялық заңының 4-бабына сәйкес (бұдан әрі – Конституциялық заң), прокуратура адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді:

- 1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын қалпына келтіруді;
- 2) заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтауды және жоюды;
- 3) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 6, 12-1-тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді жүзеге асырады және (немесе) есепке алуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді және есепке алуды үйлестіреді.

Сонымен қатар, прокуратура органдарына бизнесті заңсыз тексерулерден қорғау бойынша құзыреттері берілген.

Тексерудің түрлері:

Бүгінгі күнде, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 137-бабы 1, 2, 3-тармақтарына сәйкес, бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін бақылау:

- ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, алдын алу-профилактикалық сипаттағы профилактикалық бақылау;
- ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Кодексте, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда – Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын тексерулер;
- тергеп-тексеру нысанында жүзеге асырылады.

Профилактикалық бақылаудың түрлері:

- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау;
- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау;
- бақылау мақсатында сатып алу.

Тексерулердің түрлері:

- Рұқсаттар және хабарламалар туралы) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру);
- жоспардан тыс тексерулер болып табылады.

«**БЕК-Құрылыс**» ЖШС «Жерасты паркінгі бар көпфункционалдық тұрғын үй кешені (тозған тұрғын үйді бұзумен), (құрылыстың екінші кезеңі) жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Алматы қаласы Жамбыл көшесінің оңтүстігінде, Досмұхамедов көшесінің батысында, Алмалы ауданы Шәріпов көшесінің шығысында (Сыртқы коммуналдық қызметтерсіз және сметалық құжаттамасыз) қоғамдық талқылау түрінде. Ақпаратпен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecoportal.kz>.

Жария тыңдаулар 8.04.2025 ж. жарияланған сәттен бастап 5 жұмыс күніне созылады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «БЕК-Құрылыс» ЖШС, БСН 091040007709. Байланыс телефоны: 8 747 869 60 02. Эл.мекен-жайы: ecoplankz@mail.ru.

Алматы қаласы бойынша 2024 жылы 14 338 тексеру және 1211 профилактикалық бақылау тіркелді, оның 10 265 тексеру және 645 профилактикалық бақылау жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты, ал 2025 жылдың 1 тоқсаны бойынша 2894 тексеру және 510 профилактикалық бақылау тіркелді, оның 2097 тексеру және 206 профилактикалық бақылау жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты тіркелді.

2024 жылы жалпы жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты 9132 жоспардан тыс тексеру және талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер бойынша 356 тексеру, ал 2025 жылдың 1 тоқсанында жалпы жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты 1985 жоспардан тыс тексеру және талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер бойынша 2 тексеру болды.

2024 жылғы тексерулердің ішінде ірі кәсіпкерлікке – 920, орта кәсіпкерлікке – 1370, шағын кәсіпкерлікке – 7975, оның ішінде микро кәсіпкерлікке – 5291 тексерулер жүргізілген, 2025 жылдың 1 тоқсанындағы тексерулердің ішінде ірі кәсіпкерлікке – 208, орта кәсіпкерлікке – 331, шағын кәсіпкерлікке – 1558, оның ішінде микро кәсіпкерлікке – 1306 тексерулер жүргізілген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментімен (бұдан әрі – Департамент) тексерулерді тіркеу кезінде 2024 жылы 190, 2025 жылдың 1 тоқсанында 16 тексеру мен профилактикалық бақылау бойынша бас тарту құқығы қолданылып, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары қорғалды, оның ішінде 2024 жылы 168, 2025 жылдың 1-тоқсанында 14 тексеру мен профилактикалық бақылау жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты қолданылды.

Сонымен қатар, Департаментпен бақылау және қадағалау органдарымен тексеру субъектілеріне қатысты жүргізілген 2024 жылы – 201, 2025 жылдың 1-тоқсанында – 39 заңсыз тексерудің жолын кесті, оның ішінде бизнеске қатысты 2024 жыл – 94, 2025 жылдың 1 тоқсанында – 26.

Тексеру кезіндегі кәсіпкерлердің құқықтары

Бақылау мен қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру кезінде:

- 1) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу үшін объектіге келген бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарын мынадай:

бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) осы Кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүргізу жөніндегі сәтталмаған;

бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде (бар болған кезде мерзімді) уазарту туралы қосымша актіде) көрсетілген, осы Кодексте белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

Осы Кодекстің 144-бабы 5-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органы сол бір кезең ішінде сол бір мәселе бойынша өзіне бұрын бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізілген бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындаған;

Осы Кодекстің 141, 143-баптарында және 146-бабының 1-тармағында көзделген ақпарат пен құжаттар болмаған;

жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызда немесе хабарда, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жүнімдерде көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен шығатын кезең үшін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексерулер тағайындалған;

бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тапсырылған;

бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы бір актіде бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізілетін бірнеше бақылау мен қадағалау субъектісі көрсетілген;

бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін осы Кодексте белгіленген мерзімнен асыра ұзартқан;

осы Кодекстің 156-бабының 2-тармағына сәйкес осы Кодекстің талаптары өрескел бұзылған жағдайларда бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге жібермеуге;

- 2) егер құжаттар мен мәліметтер бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасына, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса, оларды ұсынбауға;

- 3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіге, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нәтижелері туралы актіге, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға, сондай-ақ бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

- 4) бақылау және қадағалау органдарының немесе лауазымды адамдардың бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін, заңда негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

- 5) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ лауазымды адамның бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру шеңберінде жасайтын жекелеген әрекеттерін лауазымды адамның қызметіне кедергі келтірмей, аудио- және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге;

- 6) өзінің мүдделері мен құқықтарын білдіру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында үшінші тұлғаларды бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге қатысу үшін тартуға құқылы.

Әрбір кәсіпкерге тексеру бойынша білу қажет

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру үшін объектіге келген бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдары бақылау мен қадағалау субъектісіне:

- егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелгені туралы белгі қойылған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні;
- қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын;
- қажет болған кезде – құзыретті органның режимдік объектілерге баруға арналған рұқсатын;
- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілген, объектілерге бару үшін қажет болатын медициналық рұқсаттаманы көрсетуге міндетті.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні табыс ету, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге жататын талаптардың тармақтарын көрсете отырып, тексеру паразымын (ол болған кезде) таныстыру күні бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

Тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілмеген, сондай-ақ тексеруге тиісті өкілеттіктері жоқ адамдар тексеру жүргізуге құқықтары жоқ.

М.БАЙМӨЛДАЕВ, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бастығының орынбасары.

#закон_и_порядок
#заң_және_тәртіп



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –

Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:

alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№ KZ17VPY00085956

күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.

Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00

Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»

әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ЖАСЫЛ ӘЛЕМ

Алматы – табиғат пен ұлт бірлігін көрсетті



Алматыда «Таза Қазақстан: табиғат пен ұлттың бірлігінде» атты экологиялық-мәдени іс-шара сәтті өтті. Бұл ауқымды жиын – еліміздегі экологиялық қозғалыстың жаңа кезеңін білдіріп қана қоймай, халықаралық ынтымақтастықты нығайтатын маңызды алаңға айналды.

Нұржамал
ӘЛІШ

Іс-шара «Байтақ» жасылдар партиясының бастамасымен ұйымдастырылып, оған еліміздің түкпір-түкпірінен келген партия мүшелері, қоғам белсенділері мен Мұхтар Шаханов, Асылы Осман бастаған зиялы қауым өкілдері қатысты. Сонымен қатар, Қырғызстан, Өзбекстан және Моңғолия елдерінің жасылдар партиясы өкілдері арнайы делегациялармен келіп, іс-шараның халықаралық маңызын арттырды. Орталық Азия мен Еуропа елдерінің дипломатиялық және ресми өкілдерінің қатысуы экологиялық жауапкершіліктің ортақ екенін айқын көрсетті.

Іс-шара барысында ұлттық ойындар мен қолөнер көрмесі; эко-білімге арналған «дөңгелек үстелдер» мен пікірталас-

«Таза Қазақстан» – табиғатты қорғау мен ұлттық бірлікті ұштастыратын бірегей платформа ретінде қалыптасып келеді.

тар; мәдени концерттік бағдарлама қамтылды.

Бытыр «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында түрлі іс-шараларға 6,2 миллионнан астам адам қатысып, 1,1 миллион тонна қалдық жиналды. Сонымен бірге, 1,6 миллионнан астам ағаш отырғызылып, заңсыз 4800 қоқыс алаңының 91 пайызы жойылды. Азаматтардың шағымдары мен ұсыныстарын қабылдайтын @TazaQazBot телеграмботы арқылы 10,7 мың өтініш түсіп, олардың 9,7 мыңы оң шешімін тапты.

Бұл көрсеткіштер Қазақстан азаматтарының экологиялық сана-сезімінің артып келе жатқанын көрсетеді.

◆ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азаматхан ӘМІРТАЕВ,
«Байтақ» жасылдар
партиясының төрағасы:

ӘР АЗАМАТ ҮШІН
ОРТАҚ ПАРЫЗ

Таза экология – бұл ұлттың денсаулығы мен болашағы. Табиғатты қорғау арқылы біз ұлттық болмысымызды, ұрпағымыздың амандығын сақтап қаламыз. Бұл – әр азаматтың ортақ парызы. «Таза Қазақста» – бұл тек бір күндік акция емес, бұл – тұрақты, жүйелі нық қадам. Ол еліміздің жасыл болашағын қамтамасыз етуге бағытталған ортақ міндет пен жаһандық жауапкершілік үлгісі.

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ»

СЫРНАЙДЫҢ
СЫРЛЫ ӘУЕНІ

Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева «Кемел» ықшамауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының өнерпаз қарияларына бес қатарлы жаңа баян сыйға тартты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қариялар дәл осы маркадағы баянға қол жеткізуді көптен бері армандап жүрген болып шықты. Қариялардың айтуынша, жаңа баянның үні де, әуені де құлаққа жағымды. «Көктем әуені» деп аталатын кешке қатысқан қариялар алғаш рет жаңа баянның сүйемелдеуімен ән шырқап, Қазақстан композиторларының шығармаларын орындады.

Ендігі жерде орталықтың белсенді қариялары мерекелік іс-шараларда жаңа баянның сүйемелдеуімен ән шырқайтын болды. Оның үстіне сапалы, әрі бағасы да қомақты аспаптың біраз жылға қызмет ететін түрі бар.

Мерекелік кеш барысында қариялар ана, көктем, махаббат туралы әндер шырқады. Жаңа баянның әуені де, әні де жаңаша естіліп, көрерменіне қуаныш сыйлады.

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталы-

ғының басшысы Гүлжазира Қаныбекова барлық аналарға «Ана» композициясын арнаса, Жетісу аудандық Әлеуметтік даму саласының бөлім басшысы Рүстем Исмаилов орталықтың белсенді қарияларына Алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етті.

◆ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тамара ШӘКІРОВА,
Жетісу аудандық
Ардагерлер кеңесінің
төрайымы:

ӨНЕРЛІ ҚАРИЯЛАРҒА
ТАМАША ТARTУ

Бұл бір керемет сыйлық болды. Орталық қызметкерлері мұндай аспапқа көптен бері қол жеткізе алмай жүр еді. Аудан басшысы тамаша тарту жасап, жаңа баян алып берді.

Енді қандай мереке, кеш болсын, қарияларымыз осы баянмен ән салып, кешті көңілді өткізетін боламыз.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

